

САРАПТАМА



DIGITAL ALMATY ФОРУМЫ

дарынды жастардың
инновациялық идеяларын
жүзеге асыруға
керемет мүмкіндік

3

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №4 (6566) 17 қаңтар, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖАҢА ДАМУ ПАРАДИГМАСЫ

орнықтылық, әділдік пен тұрақтылық ұғымдарына негізделуге тиіс



Қазақстан Президенті «Абу-Дабидің орнықты даму апталығы» саммитінің жұмысына қатысу үшін Біріккен Араб Әмірліктеріне жұмыс сапарымен барды. Мемлекет басшысы БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянмен келіссөз жүргізді. Сондай-ақ, осы елдің іскер топтары өкілдерімен бірқатар кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы «Абу-Дабидің орнықты даму апталығының» ашылу салтанатына және орнықты даму саласындағы Zayed Sustainability Prize сыйлығын тапсыру рәсіміне қатысты. Жиында орнықты дамудың жаһандық сын-қатерлерін талқылау үшін әлем көш-басшылары мен сарапшылар, сондай-ақ қайта жаңартылатын энергия көздері, технологиялық даму және инновация салаларының мамандары, инвесторлар мен кәсіпкерлер бас қосты. Қазақстан Президенті саммитте бірінші болып сөз сөйледі.

МЕГАПОЛИС

МЕТРОДА ДА КІТАПХАНА БАР

Енді кітапты автоматты құрылғылардан тегін алып оқуға болады

Алматы инновациялық шешімдерді кітапхана саласына да қарқынды түрде енгізуде. Мәселен, мегаполистің қоғамдық орындарында кітап беретін заманауи автоматтар орнатылды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Алматы қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» директоры Мейрам Бектембаев айтты.

Нұржамал ӘЛІШ

Иә, қаламызда енді кітаптарды кәдімгі кітапханалардан ғана емес, қоғамдық орындарда орнатылған автоматты құрылғылардан да алып оқуға болады. Яғни мегаполистің метро бекеттерінде («Райымбек батыр», «Жібек жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «Мұхтар Әуезов», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу»), Медеу және Әуезов аудандарының ХҚКО-ларында, «Спутник», «Атакент», «Азия Парк» сауда орталықтарында, Медеу, Түркісіб аудандарының жастар комьюнити-орталықтарында және Sail коворкингінде, бас-аяғы 24 құрылғы қондырылды. Кітапты тегін аласыз. Бірақ бұл

қызметті пайдалану үшін кітапқұмарларға оқырман билеті қажет. Билетіңіз жоқ па? Оны сол заматта алу үшін де жағдай жасалған. Аппараттың жанында тұрып-ақ тіркеліп, билет ала қоясыз.

«Оқырман билетін «Алматы кітапханаларына» қарасты 28 кітапхананың кез келгенінен рәсімдеуге де болады. Сондай-ақ, қоғамдық орындардан алған көркем шығармаларыңызды оқып болған соң 24 автомат



тың кез келгеніне немесе қалалық кітапханалардың бөлімшелеріне қайтара алады. Ол үшін де оқырман билеті керек. Егер ол болмаса, тіркеуден өтіп, «Қала оқыrmандары клубына» қосылу тиімді. Бұл үшін аппараттардың жанында тіркелгісі келетін оқыrmандарды тіркеп, билет беретін кітапхана қызметкерлері арнайы, уақытша жұмыс істейтін болады», – деді Мейрам Бектембаев.



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

17.01.2025

Түнде: -2-4 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +3+5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

18.01.2025

Түнде: -3-5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +4+6 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

19.01.2025

Түнде: -5-7 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +2+4 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz



01 745178 614887 1>

● ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖАҢА ДАМУ ПАРАДИГМАСЫ

орнықтылық, әділдік пен тұрақтылық ұғымдарына негізделуге тиіс

(Басы 1-бетте)

«Абу-Дабинің орнықты даму апталығы» (ADSW) – орнықты даму және климат өзгерісіне қарсы күрес мәселелеріне арналған жетекші жаһандық алаңдардың бірі. Жиын жасыл технология мен энергияның қайта жаңартылатын көздеріне инвестиция салуды ынталандыруға, БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттарына жету үшін инновациялық шешімдер іздеуге бағытталған. Биылғы форумда әңгіме «Болашақпен байланыс: Орнықты дамуды жеделдету» (The Nexus of Next. Supercharging Sustainable Progress) тақырыбында өрбіді.

Тиімді ынтымақтастықтың жаңа деңгейі

Бүгінде БАӘ еліміздің экономикасына қаржы құйған он ірі шетелдік инвестордың қатарына кіреді. Президент атап өткендей, былтыр БАӘ-ден келген тікелей инвестиция көлемі екі есеге ұлғайған. Тараптардың тауар айналымын 1 миллиард долларға жеткізу мақсаты аясында екі ел үкіметтері сауда-саттықтың оң қарқынын қалыптастыру үшін нақты экономикалық күн тәртібіне маңыз беріп отыр. Арада Стратегиялық инвестициялық жобаларды құру туралы бірлескен декларация бар. Осы құжат аясында Әмірліктердің компанияларымен көлік-логистика, энергетика, қаржы, туризм және басқа да көптеген салада белсенді ынтымақтастыққа жол ашылды. Бұл серіктестік екі елдің өсіп-өркендеуіне септігін тигізбек.

Шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян «Абу-Дабинің орнықты даму апталығы» саммитіне қатысуға келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сондай-ақ, екі елдің ынтымақтастығын жоғары бағалап, Қазақстанмен арадағы саяси диалог пен экономикалық байланыстарды одан әрі кеңейтудің және бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтарды толық жүзеге асырудың маңызына тоқталды. БАӘ Президенті Қазақстан мен Әмірліктер арасындағы байланыс 2025 жылы өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа деңгейіне көтеріліп, екі елдің дамуы мен өркендеуіне ықпал ететініне сенім білдірді. Ол халықаралық және аймақтық қауіпсіздік пен орнықты дамудағы өзекті мәселелерді шешуде Астананың үлесі зор деп санайды.

Басты бағдарлар

Саммитте Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде әлем климаттың өзгеруі, қуаңшылық, биоалуантүрліліктің жойылуы, су тапшылығы және азық-түлік қауіпсіздігі секілді аса өзекті проблемалармен бетпе-бет келіп отырғанын атап өтті. Геосаяси шиеленіс пен жеткізу тізбегінің бұзылуына байланысты бұл жағдай одан сайын ушыға түсті.

Президент Қазақстанның аталған түйткілдерді үш басты бағытқа, атап айтқанда, цифрландыру мен жасанды интеллект, ірі инфрақұрылымдық жобалар және ядролық энергетика салаларына негізделген стратегия арқылы шешуге ниетті екенін жеткізді.

– Бүкіл әлем бойынша парниктік газ шығарындарының 75 пайызы энергетикалық жүйелерге тиесілі. Биоалуантүрліліктің 10 пайызы соның салдарынан жойылады. Осы тұрғыдан алғанда, Masdar, Total, Eni сияқты халықаралық серіктестердің Қазақстанда жалпы қуаты 43 ГВт болатын жасыл энергетика жобаларын жүзеге асыруға міндеттеме алуының мәні зор. Еліміздегі алғашқы атом электр станциясының құрылысы отандық энергетика саласын орнықты дамыту бағытындағы елеулі қадам болмақ. Бұл бастама жалпыұлттық референдумда қолдау тапқан. Сонымен қатар, Қазақстан әлемдік нарыққа аса маңызды шикізат түрлерін жеткізуге ұмтылып отыр. Ауаға тарайтын көміртегі молиерін азайту жөніндегі жаһандық мақсатты орындау үшін бұл материалдар өте қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Көлік және транзит саласы – орнықты дамудың маңызды алғышарты

Бұдан соң Президент көлік инфрақұрылымының маңызына тоқталды: «Еуразия құрлығындағы жетекші транзиттік торапқа айналған біздің ел үшін орнықты дамудың тағы бір маңызды алғышарты – көлік және транзит саласы. Біз көлік инфрақұрылымына, атап айтқанда, автомобиль және темір жолдарының, әуежайлар мен теңіз айлақтарының құрылы-



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ ДАМУ

«Абу-Дабинің орнықты даму апталығы» халықаралық саммиті алаңында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Нигерия Федеративті Республикасының Президенті Бола Ахмет Тинубумен кездесті.

Тараптар сауда-экономика, көлік-логистика, энергетика және ауыл шаруашылығы салаларындағы ықпалдастықты дамыту перспективасын талқылады. Мемлекеттер басшылары халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, көпжақты құрылымдар аясындағы байланысты жандандыру маңызды екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы «Абу-Дабинің орнықты даму апталығы» аясында Италия Министрлер Кеңесінің төрағасы Джордж Мелонимен жүздесіп, достас Италия халқының игілігі жолындағы мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

Президент былтыр Римге жасаған ресми сапарын ықыласпен еске алып, соның нәтижесінде Қазақстан–Италия қатынастарының жаңа кезеңіне жол ашылғанын атап өтті.

сына инвестиция салуды белсенді түрде қолға алдық. Байланыс мүмкіндіктерінің аясын одан әрі кеңейту үшін Қазақстан Транскаспий халықаралық көлік бағыты мен Солтүстік–Оңтүстік көлік дәлізін дамытуға, сондай-ақ «Бір белдеу, бір жол» бастамасында елеулі рөл атқаруға ниетті. Мақсатымыз – өңіраралық қатынастарды нығайтып қана қоймай, орнықты экономикалық өсімді қамтамасыз ететін тұрақты жеткізу тізбегін қалыптастыру».

Қасым-Жомарт Тоқаев тұжырымдағандай, жаһандық жылыну – Орталық Азия үшін басты сын-қатердің бірі.

– Жылыну үдерісінің үдей түсуі экожүйелерге, тұрмыс-тіршілікке және азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Сол себепті, тез арада климатқа бейімделу стратегиясы қажет. Сондай-ақ, біздің өңір трансшекаралық өзендерге тәуелді. Сондықтан бізге ерте ескерту жүйесін құрып, су және жер ресурстарын басқару ісін жетілдіру керек. Бұл ретте су үнемдеу технологияларына инвестиция салып, ирригация жүйелерін жаңғыртуға тиіспіз. Су ресурстарын тиімді басқару келісімдеріне қол жеткізіп, жасанды интеллекттің, жерсерік арқылы мониторингтің және басқа да цифрлық құралдардың көмегіне жүгінгеніміз жөн, – деді Қазақстан Президенті.

Үш маңызды қағидат – біртұтас жүйе

Мемлекет басшысы азық-түлік қауіпсіздігіне баса назар аударып, бұл бағдарды күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін мәселенің бірі ретінде атады.

– Әлемдік нарықты азық-түлік өнімдерімен және тыңайтқыштармен тұрақты қамтамасыз ету үшін инновациялық тәсілдер қажет. Қазақстан халықаралық нарыққа мол көлемде бидай мен ұн экспорттайтын ел ретінде орнықты ауыл шаруашылығының әдістері мен технологияларын одан әрі жетілдіруді көздейді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, аталған сын-қатерлерге төтеп беру үшін әлемге жаңа даму парадигмасы керек. Ол орнықтылық, әділдік пен тұрақтылық ұғымдарына негізделуге тиіс. Жаһандық проблемаларды үш маңызды қағидатқа арқа сүйеген біртұтас жүйе арқылы шешуге болады.

– Бірінші, «жасыл» қаржыландырудың қолжетімділігі. Оның көлемі елеулі түрде ұлғаюға тиіс. Екінші, технология трансферті, техникалық қолдау және ғылыми зерттеулер саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың аясын кеңейту. Күн энергиясы, «ақылды» ауыл шаруашылығы, көміртегі сүзгісі және жасанды интеллект негізіндегі климаттық технологиялар әртүрлі инновациялық шешімдер ұсынады. Үшінші, климаттың өзгеруіне қарсы күрес-

тегі басымдықтардың, экономикалық даму мен жасанды интеллекттің синергиялық ықпалдастығы. 2030 жылға қарай жаһандық ішкі жалпы өнімнің 16 пайыздан астамын осы үш бағыттың өзара үйлесімі қамтамасыз етуі мүмкін. Бұдан шығатын қорытынды: мемлекеттер орнықты даму саласындағы түрлі мақсаттарға барынша икемді әрі дербес тәсіл қолданғаны дұрыс, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті саммиттің орнықты даму саласындағы алдағы онжылдықтарға арналған басымдықтарды айқындап, әрекеттерді үйлестіретін маңызды алаңға айналуына тілектестік білдірді.

1,4 миллиард доллар инвестиция

Абу-Дабиге жұмыс сапары аясында Мемлекет басшысы Masdar компаниясының бас атқарушы директоры Мұхаммед Әл-Рамахи мен ADNOC компаниясының қайта өңдеу және өткізу жөніндегі бас атқарушы директоры Халид Салминді қабылдады.

Президент Masdar компаниясы өкілдерімен бірге Жамбыл облысында қуаты 1 ГВт болатын жел электр станциясының құрылысын жүзеге асыруға қатысты келісімдерге қол жеткізілгенін айтты. Аталған ірі жобаға 1,4 миллиард доллар инвестиция салынады. Өз кезегінде Мұхаммед Әл-Рамахи компанияның құрылыс жұмыстары бойынша жоспарымен бөлісті. Сондай-ақ, жоба аясында жел турбиналарының өндірісіне жергілікті өнімдерді қолдануға қызығушылық танытып отырғанын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мұхаммед Әл-Рамахи Masdar компаниясының Қазақстандағы қызмет аясын кеңейте отырып, жаңартылатын энергетика және цифрландыру салаларындағы маңызды жобаларды іске асыру жөнінде пікір алмасты. Президент еліміздің ADNOC компаниясымен серіктестікті одан әрі дамытуға баса мән беретінін атап өтті. Халид Салмин екі елдің ұлттық мұнай-газ компаниялары арасындағы өзара ықпалдастықтың перспективаларына тоқталды. Кездесуде мұнай-газбен қатар геологиялық барлау ісіндегі бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланып, цифрландыру және жасанды интеллект салаларындағы ынтымақтастыққа ерекше назар аударылды.

Стратегиялық мүдде

Президент Abu Dhabi Ports Group бас директоры Мұхаммед Әл-Шамисмен кездесті. Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықтың перспективасы талқыланды, сондай-ақ көлік-логистика саласында бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселесі қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Abu Dhabi Ports компаниясының бірқатар ірі нысан құрылысына қатысты жоспарына қолдау көрсетіп, бұл бастамалар Қазақстанның Каспий теңізіндегі айлақ және теңіз инфрақұрылымын дамыту

жөніндегі стратегиялық мүддесіне сай келетінін атап өтті. Мемлекет басшысы көлік инфрақұрылымы мен тасымал дәліздерін дамыту еліміздің орнықты экономикалық өсімін қамтамасыз етуде және халықаралық сауданы жандандыруда ерекше рөл атқаратынын жеткізді. Мұхаммед Әл-Шамиси Президентке «Самұрық-Қазына» қорымен және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясымен тиімді серіктестік орнатқаны туралы мәлімет берді.

Жасанды интеллект жөніндегі халықаралық консультативтік кеңес құрылады

Мемлекет басшысы Біріккен Араб Әмірліктеріне жұмыс сапары барысында сарапшылармен жасанды интеллектті (ЖИ) дамыту мәселесін талқылады.

Президент ЖИ қазіргі замандағы прогрестің ең басты қозғаушы күштерінің бірі саналатынын әрі экономиканы түбегейлі өзгерте алатынын атап өтті.

– Қазақстанда жасанды интеллектті ілгерілетуге берік негіз қалау үшін маңызды қадамдар жасалып жатыр. Институционалдық орта қалыптастыруға, инфрақұрылым мен адам капиталын дамытуға баса мән беріліп отыр. Институционалдық құрылым аясында Жасанды интеллект жөніндегі халықаралық консультативтік кеңес құрылады. Оған өзім жетекшілік жасаймын. Бұл кеңес әлемдік деңгейдегі сарапшылармен диалог жүргізіп, пікір алмасатын стратегиялық алаңға айналады. ЖИ саласындағы ұлттық саясатқа қатысты ұсынымдар әзірленіп, халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында оның жұмысына инженерлер, зерттеушілер мен кәсіпкерлер кеңінен тартылады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан ЖИ саласына жоғары санатты маман даярлау және қолдау ісіне айрықша басымдық беріп отырғанына тоқталды. Президенттің айтуынша, ЖИдің қолданысқа табысты енуі осындай технологияларды әзірлейтін және пайдаланатын адамдардың біліктілігі мен тәжірибесіне тікелей байланысты.

«Қазақстан жаһандық жасанды интеллект экожүйесінің белсенді мүшесі болуға ұмтылады»

Мемлекет басшысы елімізде AlemAI озық технологиялар орталығы құрылғанын мәлімдеді. Орталық әлемдегі үздік зерттеушілерді игіріп, инновациялық шешімдердің енгізілуіне ықпал етеді. Президент жасанды интеллектке байланысты бастамаларды жүзеге асыратын хабта мектептерге, университеттерге және кәсіби даярлық орталықтарына арналған білім беру бағдарламалары жасақталатынын айтты. Сондай-ақ, онда зерттеушілерге стартаптар мен компанияларға арналған кеңселер, тәжірибе алмасу алаңдары орналасады.

– Біз ЖИ саласындағы адам капиталын дамыту мақсатында AI-Sana деп аталатын инновациялық білім беру бағдарламасын жасадық. Бағдарлама түрлі сала мамандарының пәнаралық даярлығын қамтамасыз етеді және ЖИ-ге қатысты озық шешімдерді әзірлеуге септігін тигізеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында Қазақстан жаһандық жасанды интеллект экожүйесінің белсенді мүшесі болуға ұмтылатынын жеткізді. Сонымен қатар, кездесуге қатысушыларды ғылыми зерттеуден бастап этикалық стандарттарды бекітуге дейінгі сан салалы жұмысқа атсалысуға шақырды.

Жиынға Polynome компаниясының негізін қалаушы Александр Ханин, G42 компаниясының жасанды интеллект жөніндегі бас директоры Эндрю Джексон, Абу-Дабидегі Халифа ғылым және технология университетінің профессоры Дебба Меруан, БҰҰ-ның «Игілікке арналған ЖИ» бастамасы атқарушы кеңесінің төрағасы Әл Мазруи Эбтесам, Core42 компаниясының мемлекет істері және серіктестік жөніндегі директоры Әл Каиси Талал, Мұхаммед бен Заид атындағы Жасанды интеллект университетінің ректоры және профессоры Тимати Болдуин, Saal.ai компаниясының жасанды интеллект бөлімінің жетекшісі Абдулнаби Абрар, Mubadala Investment Company венчурлық жобалар және даму бөлімінің жетекшісі Әл Мазруи Фарис Сухейл қатысып, пікір білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: akorda.kz).



Билікті орталықсыздандыру бағдары:

НӘТИЖЕЛІ ҚАДАМДАР

Алматыда соңғы үш жылда қандай әкімшілік реформалар жүргізілді?

Мемлекетті басқаруда институттар мен кадр мәселелері маңызды бағдар болып саналады. Онсыз алға қойған стратегиялық мақсатқа жету және халықпен коммуникация жасау мүмкін емес. Бюрократиялық аппарат заман талабына орай бейімделе білуі тиіс. Сондықтан мемлекеттік-әкімшілік басқару жүйесіне үнемі реформа жасалғаны жөн. Мемлекеттік-әкімшілік реформа жергілікті мемлекеттік басқаруға да қажет саясат. Бұл тұрғыдан алғанда, Алматы – еліміз үшін маңызды қала. Ендеше, мақалада соңғы үш жылда қаламызда қандай әкімшілік реформа жасалды деген сұраққа жауап берілмек.

Аудан әкімдіктері қосымша функцияларға ие болды

Алматыда соңғы үш жылда нәтижелі әкімшілік реформа жасалуда. Жаңа басқармалар құрылып, кейбіреулері атауын өзгертті. Бұдан басқа аудандар қосымша функцияларға ие болды. Бұл біздің ойымызша ең нәтижелі, әрі қажет бастама. Себебі, барлық биліктің орталықта шоғырлануы мемлекеттік-әкімшілік басқару жүйесінің дамуына кедергі келтіріп, сыбайлас жемқорлық тәуекелін арттырады.

2023 жылы 1 сәуірден бастап Алматының 8 ауданына орталық әкімдіктен қосымша функциялар берілді. Енді аудандық әкімдіктер жолдарды және инженерлік желілерді ағымдағы жөндеу, халықтың осал топтарына әлеуметтік қолдау көрсету, мектепке дейінгі ұйымдарды, шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын жан басына шаққандағы қаржыландыру және

т.б. бойынша жұмыстарды дербес жүргізе бастады. Оған дейін бұл функциялар басқармаларда болатын.

Бұдан басқа аудандарға функция ғана емес, бюджет де бөлінді. 2023 жылы сегіз аудан әкімдіктеріне 73,5 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Аудандарға бөлінген қаражат төмендегідей:

- Алатау – 17 млрд теңге.
- Алмалы – 5,9 млрд теңге.
- Әуезов – 13,3 млрд теңге.
- Бостандық – 7,5 млрд теңге.
- Жетісу – 7,9 млрд теңге.
- Медеу – 7 млрд теңге.
- Наурызбай – 5,6 млрд теңге.
- Түрксіб – 9 млрд теңге.

Осылайша қосымша функция беру арқылы аудан әкімдерінің жауапкершілігі артты. Билікті орталықсыздандыру бағытында жасалған мұндай бастаманы билік қадам десе артық етпейді. Себебі, біздің саяси жүйе мен мәдениетте билікті орталыққа шоғырландыруға талпыныс басым.

Басқармалар реформаланды

Қазір Алматыда қалалық 24 басқарма бар. 2022 жылдан бері жаңа басқармалар құрылды, кейбіреулерінің атауы өзгерді. Бұл жерде ескерте кететін жайт бар. 2022 жылдан бері Алматыда жүргізілген әкімшілік реформада ең алдымен басқармаларға назар аударылған. Себебі, оларда өкілеттілік, функция және бюджеттің басым бөлігі шоғырланған болатын. 2022 жылы маусымда төмендегідей өзгерістер жасалды:

Ал 2024 жылы сәуірде тағы екі басқарма құрылды. Олар: Сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасы мен Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы.

Былтыр қалада бірнеше жер сілкінісі болғаны белгілі. Жаңа басқарма сейсмикалық қауіпсіздік саласында жұмыс істеу мақсатында құрылды.

◆ **Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы одан Еңбек инспекциясы басқармасын бөлу арқылы қайта құрылды;**

◆ **Стратегия және бюджет басқармасы Қаржы басқармасы мен Экономика басқармасына бөліну арқылы қайта құрылды;**

◆ **Креативті индустриялар басқармасы жастармен жұмыс жөніндегі функцияларды кеңейте отырып, Жастар саясаты басқармасы болып қайта құрылды;**

◆ **Энергия тиімділігі және инфрақұрылымдық даму басқармасы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы болып қайта аталды;**

◆ **Тұрғын үй саясаты басқармасы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы болып өзгертілді;**

◆ **Жасыл экономика басқармасы Экология және қоршаған орта басқармасы болып қайта аталды;**

◆ **Жайлы қалалық орта басқармасы Құрылыс басқармасы болып өзгертілді;**

◆ **Қоғамдық денсаулық басқармасы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы болып қайта аталды.**

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ТЕХНОЛОГИЯ

DIGITAL ALMATY ФОРУМЫ

дарынды жастардың инновациялық идеяларын жүзеге асыруға керемет мүмкіндік

Биыл Digital Almaty форумы осымен жетінші рет ұйымдастырылады. Форум Алматыдағы «Атакент» EXPO көрме кешенінің №9, 10 және 11 павильондарында 31 қаңтар мен 1 ақпан аралығында өтеді. Жасанды интеллект технологияларының өндірістік тиімділігін, қауіпсіздігін, тұрақтылығын автоматтандыру, болжау және оңтайландыру бойынша маңызды талқылаулар болады. Сондай-ақ, IT-экожүйе саласындағы үздік жобалар анықталады. Форумға 40 000-нан астам қатысушы келеді деп күтілуде.

Almaty Digital VII форумы: Индустрия 4.0, ЖИ Баттл – жасанды интеллект саласындағы үздік стартаптар арасындағы ауқымды сайыс.

Алматы – Орталық Азияда цифрлық жобаларды қолданысқа енгізу хабы

Алматыда соңғы жеті жыл бойы аймақтағы сарапшылар мен компания өкілдерінің басын қосатын Digital Almaty форумы өткізіліп келеді. Бүгінгі таңда бұл форумның ықпалы мен деңгейі артып, әлемнің үздік сарапшылары мен цифрлық даму саласындағы билікті мамандардың басын қосатын маңызды жобаға айналды. Биыл Digital Almaty форумы VII рет ұйымдастырылуда. Әлемнің түрлі бөліктерінен 400-ден астам маман, 60-тан аса компания, ЕАЭО аймағынан саяси тұлғалар мен жас стартап өкілдері «Индустриялық жасанды интеллект: жаңа дәуірге арналған технологиялар» тақырыбы аясында ой бөлісіп, пікір алмасатын болады. Мақалада Digital Almaty 2025 форумының биылғы отырысының ерекшелігі мен оның ықпалын талқылап көрелік.

AI-Sana – инновациялық білім беру бағдарламасы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында елімізде жасанды интеллект саласындағы адам капиталын дамыту мақсатында AI-Sana деп аталатын инновациялық білім беру бағдарламасын жасағанын атап өткен еді. Бағдарлама түрлі сала мамандарының пәнаралық даярлығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Президент Біріккен Араб Әмірліктеріне жұмыс сапары барысында «Абу-Дабидің орнықты даму апталығы» саммитінің ашылу салтанатында сөз сөйлеп, бүгінгі жаһандық саясаттағы түйткілдерді шешу цифрландыру мен жасанды интеллектке,

ірі инфрақұрылымдық жобаларға және ядролық энергетикаға негізделген стратегиялар арқылы мүмкін болатынын айтты. Қазіргі таңда инновациялық технологиялар қоғамның барлық саласына тиімді түрде еніп отыр.

Технология 4.0 эволюциясы адамзат үшін ортақ қазына

Жаһан жұрты жасанды интеллектіні қоғам игілігіне қалай тиімді пайдалану керектігі, өндірістегі тиімділігін қалай арттыру қажет және оның құқықтық негіздерін қалай қалыптастыру керектігі бойынша талқылаулар ұйымдастыруда. Осы бағытта тәжірибе алмасу ортақ тәсілдер қалыптастыруға жол ашуда. Жасанды интеллектке негізделген Технология 4.0 эволюциясы бүгінде адамзат үшін ортақ қазынаға айналды. Бұл тұрғыда әрбір елдің халықаралық тәжірибені ескерусіз, сыртқы әлеммен байланыссыз дамуы мүмкін емес. Керісінше, алымды сарапшылардың басын қосатын іргелі платформалардың маңызы арта түсуде. Almaty Digital Forum жобасы соңғы жеті жылда бүкіл Еуразия құрлығындағы кәсіпкерлер, инноваторлар мен цифрлық даму саласына бей-жай қарамайтын азаматтар асыға күтетін маңызды жиынға айналды.

Имидждік жоба: үш негіз

Біздің ойымызша, бұл форумның еліміз үшін маңызы зор, оның басты үш себебін атап өтуге болады.

Біріншіден, Digital Almaty форумы еліміз үшін маңызды имидждік жоба болып табылады. Бұл форумға қатысу үшін тек Қазақстанның өзге өңірлерінен ғана емес, Орталық Азия елдерінен де мыңдаған адам Алматыға екі күндік жиынға келеді.

Жүздеген шетелдік БАҚ өкілдері бұл форумды назарға алып, жаһандық ақпараттық кеңістікте кеңінен талқылайды.

Екіншіден, Almaty Digital Forum дарынды жастардың инновациялық идеяларын жүзеге асыруға керемет мүмкіндік береді. Мысалы, былтырғы форум аясында жалпы жүлде қоры 180 000 АҚШ долларын құраған Industry 4.0 Startup Battle байқауы ұйымдастырылды. 200 өтінімнің ішінен 30 стартап финалға өтіп, олардың авторлары өз жобаларын баттл серіктестері мен кәсіби мамандардың алдында қорғады. Жүлделі гранттар мен марапаттарды мемлекеттік органдар, венчурлік инвесторлар, трекерлер және ірі компаниялар (KazPetrol, Kusto Group, KazMinerals, Karachaganak Petroleum) ұсынды.

Үшіншіден, биылғы форум жас өнертапқыштарға ерекше мүмкіндік беретін инновациялық стартап жобалар байқауын жалғастыра отырып, жаңа идеялар мен шешімдер ұсынатын алаң болмақ.

Бұл цифрлық технологияларды қоғам игілігіне тиімді пайдалану мәселесі бойынша шешім қабылдайтын саяси қайраткерлер мен халықаралық деңгейде жұмыс жасайтын корпорация басшылары арасында маңызды құжаттарға, меморандумдарға қол қойылатын ауқымды алаң. Мысалы, былтырғы форумда Freedom Holding Corp басшысы Тимур Турлов Халықаралық Аралды құтқару қорының атқарушы дирекциясымен меморандумға қол қойып, жойылып бара жатқан теңізді құтқару қорына 10 пайыздық кэшбэк аударып отыру идеясын ұсынды.

Халықаралық цифрлық форумға цифрландыру мен жасанды интеллект саласының әлемдік және отандық жетекші өкілдері қатысады. Олардың арасында Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев, БАӘ Жасанды интеллект, цифрлық экономика және қашықтан жұмыс істеу жөніндегі министрі Омар бин Сұлтан Әл Улама, сондай-ақ БАӘ Өнеркәсіп және озық технологиялар министрі, климаттың өзгеруі мәселелері бойынша арнайы өкіл Сұлтан Ахмед Әл Джабер бар. Сонымен қатар, Oxford Insights компаниясының негізін қалаушы және бас директоры Ричард Стирлинг, VEON тобының бас директоры Каан Терзюоглу және басқа да қонақтар бас қоспақ.

Almaty Digital Forum 2025 жобасы аясында 40-тан астам панелдік отырыс өтеді деген болжам бар. Форумда 300-ден астам спикер қатыспақ және көрмеге 200-ден астам компания келмек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктеріне жұмыс сапары аясында сарапшылармен кездесуінде Қазақстанда жасанды интеллектті ілгерілетуге берік негіз қалау үшін маңызды қадамдар жасалып жатқанын мәлімдеді.

Сонымен қатар, институционалдық ортаны қалыптастыруға, инфрақұрылымды дамытуға және адам капиталына ерекше назар аударылып отырғанын атап өтті. Біздің ойымызша, Almaty Digital Forum инновациялық технологиялардың жетістіктері мен мүмкіндіктерін ауқымды талқылауда, беделді мамандарды біріктіруде жүйелі құрылымдық орта қалыптастыруда маңызды рөл атқарып келеді.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.





ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

МАҢЫЗДЫ НӘТИЖЕ

Алматыда туристердің қанағаттану индексі артты

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

2024 жылы Алматыда туризм саласы мамандарының біліктілігін арттыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Бұл бағыт туристік инфрақұрылымды дамыту мен шаһар қонақтарымен тікелей жұмыс істейтін кәсіби мамандарды даярлауда маңызды элементке айналды.

Шілде мен қараша аралығында көлік торабы мен туристермен жұмыс істейтін қызметкерлер үшін ағылшын тілі курстары ұйымдастырылды, оған 400 адам қатысты. Бұл оқыту шетелдік туристермен байланыс деңгейіне жақсартуға мүмкіндік берді, бұл халықаралық мәртебесін нығайтуға ұмтылатын қала үшін аса маңызды.

Шілде мен қыркүйек аралығында Дүниежүзілік туристік гидтер қауымдастықтары федерациясының (WFTGA) курстары өткізілді, оған 200 гид пен экскурсовод қатысты. Бұл экскурсия қызметтерінің сапасын арттыруға және туристерге Алматының мәдени-тарихи мұрасын кеңінен танытуға жол ашты.

Қараша айында туризм саласында 420 қызметкер үшін фасилитация тренингтері өткізілді. Олар Дүниежүзілік саяхат және туризм кеңесі (WTTC) ұсынған халықаралық сарапшылардың қатысуымен ұйымдастырылды. Бұл сессиялар туристік қызмет көрсетуде озық тәжірибені енгізуге және басқарушылық дағдыларды дамытуға ықпал етті.

Сонымен қатар, қыркүйек пен қазан айларында Республикалық жедел-құтқару жасағы (РҚЖЖ) құтқарушылары үшін бастапқы дайындық бағдарламасы бойынша оқыту ұйымдастырылды. Бұл туристік маршруттардағы қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік берді. Әсіресе, табиғи мұраға бай аймақ үшін бұл өте маңызды.

Mastercard мәліметтерінше, 2024 жылдың 11 айында Алматыда туристердің қанағаттану индексі 67-ге жетті. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 2,7%-ға артты. Туристер атап өткен негізгі факторлардың қатарында қауіпсіздік пен қызмет көрсету сапасы бар, олар саяхат туралы оң пікір қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

МҰЗ АЙДЫНЫ БАР ЖАҢА СКВЕР

Түркісіб ауданының «Жас қанат» шағынауданында қараусыз қалған аумақ жайлы қоғамдық кеңістікке айналды. Жоба «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асып отыр.



Сквер аумағында кешенді жұмыстар жүргізілді: асфальт пен кеспе тас төселді, көшеге жарықтандыру элементтері, автоматты суару жүйелері, орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылды. Сонымен қатар, автотұрақ орындары жабдықталып, арық жүйесі жүргізілді. Алдағы маусымда жас көшеттер отырғызу жоспарланып отыр, бұл скверді одан әрі жасыл желекке айналдырып, жайлы ете түседі.

Жаңа кеңістіктің басты ерекшелігі – ауданы 450 м² болатын мұз айдыны. Жаз мезгілінде ол ролик тебуге арналған алаңға айналмақ. Мұз айдыны жергілікті тұрғындардың, әсіресе, балалардың көңілінен шықты. Олар бұл жерде уақытын қызықты өткізуде.

«Маған сабақтан кейін осында келіп, сырғанау қатты ұнайды. Үйіме жақын жерде мұз айдыны болса екен деп көптен армандаған едім. Қазір мен мәнерлеп сырғанаудың кейбір элементін үйреніп алдым, тіпті артқа сырғанап аламын. Қазір достарыммен бірге жаңа элементтерді: айналу мен спиральды үйреніп жүрміз. Кешке келсеңіз кере-

мет гирляндар жанып тұрады, бәрі өте әдемі әрі ерекше атмосфера береді», – деді «Жас қанат» шағынауданының тұрғыны Арман Батыров.

Түркісіб ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жалпы 40 көркейту жобасы жоспарланған. Бағдарламаның тиімділігін және тұрғындардың белсенділігін ескере отырып, 2024 жылы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қаржыландыруды 18,8 млрд теңгеге дейін арттырды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда, 5,8 млрд теңгеге көп. Осылайша алматылықтарға аулаларды, қоғамдық кеңістіктерді, спорт және балалар алаңдарын құруға арналған 364 жобаны ұсыну мен жүзеге асыру мүмкіндігі берілді.

Қ.ЖҰМАДИЛОВА.

ҚАУІПСІЗДІК

СУЫҚ СУҒА ТҮСКЕНДЕ САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Алматыда діни рәсім күні суға түсуге арналған 10 орын белгіленді

Православтардың діни рәсім күні Алматыда қай орындарда суға түсуге болатынын Қазақстан Митрополиттік округі қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы, протоиерей Александр Суворов хабарлады. Аталған учаскелерде төтенше жағдайдың алдын алу үшін құтқарушылардың, дәрігерлер мен полицияның тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылады. Бұл туралы Алматы қаласы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының міндетін уақытша атқарушы Ғалым Мұхамеджан мәлімдеді.



басқан таулы өзендер мен тоғандарда шомылуға қатаң тыйым салынғанын ескертті. Ереже бұзғандарға 7 АЕК мөлшерінде айыппұл салынып, жауапқа тартылуы мүмкін.

«Сонымен қатар, мәлім етілмеген су айдыны, тоған мен таулы өзендерге (Үлкен және Кіші Алматы) шомылуға тыйым салынады. Қазіргі уақытта бұл су нысандарына мұз қатқан. Таулы өзендер өте тайғақ, мұз үстінде жүргенде тайып кету, сондай-ақ түрлі сынық мен жарақат алу қаупі де бар. Мұз астындағы өзендердің ағысы өте күшті, сондықтан теле-теңдігі сақтай алмай, есінен танған адамды ағызып әкетуі мүмкін», – деп ескертеді ТЖД мамандары.

Айта кетейік:

Православтардың діни рәсім күні суға түсу рәсімі 19 қаңтарда атап өтеді.

Суға түсуге рұқсат етілген орындар тізімі:

КЕРЕК КЕҢЕС

Қаламыздың ТЖД мамандары мына жәйттерді қатаң еске салады:

- арнайы белгіленген жерлерде шомылу;
- ішімдік ішкен күйде шомылуға болмайды;
- ашық жерде (мұзда) суға түсуге арналып жабдықталған орында 3 адамнан артық болмауы керек;
- шомылудан бұрын денені жылыту маңызды, жүгіру арқылы қыздырыну қажет;
- дәрігерлер мен құтқарушылар бар жерде суға түсу;
- суға түсіп болғаннан кейін, құрғақ сүлгімен сүртініп, құрғақ киім киіп, жылы шай ішкен жөн.

жергілікті діни бірлестігі (Хамиди көшесі, 30);

7. Астана және Алматы Епрахиясының «Алматы қаласы Благовещенский габдатханасының шіркеуі» жергілікті православиелік діни бірлестігі

(«Алатау» шағынауданы, Ибрагимов көшесі, 13);

8. Астана және Алматы Епрахиясының «Занкая Құдай Анасы иконасының құрметіне арналған собор» жергілікті православиелік діни бірлестігі (Халиуллин көшесі, 45-А).

9. «Богородице рождество габдатханасы» жергілікті православиелік діни бірлестігі (Егінсу көшесі, 1-Б);

Түркісіб ауданы:

10. «Покровско-Всехсвятский габдатханасы» жергілікті православиелік діни бірлестігі (Жас пионерлер көшесі, 85-үй).

Айнабай
МӘДИ

«Суық суда ұзақ уақыт болған кезде сіңір тартылып, үсік шалуы мүмкін. Сондай-ақ, суық суға кенеттен түскен кезде жүрек жеткіліксіздігі де өрісуі мүмкін», – деп ескертті азаматтық қорғаныс майоры Ғ.Мұхамеджан.





МАРАПАТ

ЖОЛАУШЫҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

жасаған автобус жүргізушісіне алғыс



Алматыда мүгедектер арбасындағы жолаушыға назар аударған №66 қалалық маршруттың автобус жүргізушісі Қанат Ахметов мегаполис әкімі Ерболат Досаевтың атынан алғыс алды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бұған дейін экобелсенді Евгений Мұхамеджанов әлеуметтік желілерде мүгедектер арбасындағы жолаушыға берілген көтергіштің көмегімен автобуска мінуге көмектескен жүргізушінің мейірімді және ұқыпты екеніне қалай куә болғаны туралы әңгімелеген еді. Кейінірек бұл жарияланымға қала тұрғындары көптеген жылы лебіздер білдірді.

Қала басшысының атынан жүргізушіге бағалы сыйлық пен Алғыс хатты табыстаған «Алматыэлектротранс» автопаркінің басшысы Александр Бейсембиев оның кәсібилігін және бауырмалдығын ерекше атап өтті.

Автобус жүргізушісі Қанат Ахметов қала басшысының өзінің ісіне назар аударғанына және қала басшылығының жылы сөздеріне ризашылығын білдірді.

«Мен өз жұмысымды тек нұсқаулықта көрсетілген іс-қимылды орындау және қоғамдық көлік жүргізушісі қандай болуы тиіс екендігін түсіну арқылы жасадым. Біз жолаушыларды тасымалдап қана қоймаймын, сонымен қатар күн сайын адамдардың қауіпсіздігі мен жайлылығына мән береміз. Кез келген әріптесімнің осындай игі істі атқаратынына сенімдімін», – деді Қанат Ахметов.

Қанат Ахметов төрт баланы тәрбиелеп отыр, «Алматыэлектротранс» автобусының жүргізушісі болып бір жылға жуық жұмыс істейді.

БРИФИНГ



ВАКЦИНА –

қатерлі обырдан қорғайтын жол

Жатыр мойны обыры туралы хабардар болу айлығы басталды. 18 қаңтарда Алматы Онкологиялық орталығында «Ашық есік» күні өтеді. Бұл туралы Алматының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте аталған орталықтың онкогинекология бөлімшесінің меңгерушісі Райхан Болатбекова хабарлады.



Нұржамал
ӘЛШІ

Бізге ғана емес, көптеген елде жатыр мойны обыры туралы хабардар болу апталығы қаңтар айында өтеді. «Ашық есік» 18 қаңтарда, сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін Алматы Онкологиялық орталығында өтеді. Бұл күні әйелдер онкогинекологтардан кеңес ала алады және жатыр мойны патологиясын ерте анықтау үшін тексеруден өтеді.

Райхан Өлмесханқызы жатыр мойны обырын скринингтен өткізудің ұлттық бағдарламасы туралы да тілге тиек етті. Ол 30–70 жас аралығындағы әйелдерге цитологиялық зерттеуді пайдалана отырып жүргізіледі. Ал 2024 жылдың қыркүйегінен бастап мектептерде ата-аналарының келісімімен жасөспірім қыздарды вакциналау бағдарламасы басталды. 30 қыркүйек пен 14 қаңтар аралығында Алматы мектептерінде 600-ден астам жасөспірім қыз адам папиллома вирусына қарсы екпе алды.

Жатыр мойны обырының дамуының негізгі себебі – адам папиллома вирусы. Аурудың 97%-ы осы вируспен байланысты. Райхан Болатбекованың айтуынша ЖМО ерте анықтау және АПВ алдын алу аурудың даму қаупін айтарлықтай төмендетуі мүмкін.

АПВ екпесі ағзаны қауіпті кеселден ұзақ мерзім қорғайтынын көрсетті. ДДСҰ бұл вакцинаны қауіпсіз және тиімді деп мақұлдады.

Жатыр мойны обыры (ЖМО) әйелдер арасында жиі кездесетін онкологиялық аурулардың бірі болып отыр дейді спикер. Халықаралық қатерлі ісіктерді зерттеу агенттігінің мәліметтері бойынша, әлемде 2020 жылы бұл аурудың 604 000 жаңа жағдайы тіркелді, бұл белсенді профилактиканың қажеттілігін көрсетеді. Республикада ЖМО онкологиялық аурулар бойынша екінші орында, жыл сайын 2000-нан астам жаңа жағдай тіркеледі.

Алматыда былтыр жатыр мойны обырының 206 жағдайы анықталды. Ауру негізінен репродуктивті жастағы әйелдерге әсер етеді, 40–44 жастағы әйелдер арасында көбірек кездеседі.

«Вакцинациямен қамтамасыз етілген ұзақ мерзімді қорғаныс денсаулық үшін ең ұтымды жол», – дейді дәрігерлер. Осылайша Алматы Онкологиялық орталығының онкогинекология бөлімшесінің меңгерушісі Райхан Болатбекова атап өткендей, вакцинация және скрининг бағдарламаларын енгізу еліміздегі жатыр мойны обырымен сырқаттанушылық жағдайын едәуір жақсартып, елдегі әйелдер үшін қауіпсіз болашақ жасай алады.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ОТБАСЫН ҚҰРҒАҢДАР

Алматыда 12 пайызға артқан



2024 жылы Алматы қаласының Әділет департаменті халыққа 45 828 мың мемлекеттік қызмет көрсетті.

Айнабай
МӘДИ



Әділет департаментінің өткен жылғы жұмыс қорытындысында алматылықтар арасында некеге тұрушылар көбейген. 20 мыңға жуық тұрғын тегін заң көмегін алыпты, үйден шықпай-ақ апостиль қоюға құжат беруге болатын жағдайға қол жеткен. Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы Әділет департаментінің басшысы Балайым Кесебаеваның былтырғы жұмыс қорытындысын баян ету барысында осы жайттерге көз тіктік.

Атап өтілгендей, қазіргі уақытта аты-жөнін өзгерту туралы акт жазбасы тіркелмейді, атын, әкесінің аты мен тегін өзгерту туралы куәлік берілмейді. Департамент басшысының айтуынша, кейбір азаматтар атын не әкесінің атын өзгерткеннен кейін бір ай ішінде жеке куәлігі мен төлқұжатын ауыстыруды ұмытып кетеді. Осыған байланысты спикер бір ай ішінде жеке басын куәландыратын құжаттарды ауыстыру қажеттігін еске салды.

Біздің азаматтарға ыңғайлы болу үшін электрондық үкімет порталында «Е-Апостиль» функциясы жүзеге асырылды. Үйден шықпай, ХҚКО-ға бармай-ақ, біздің азамат-

тар апостиль қоюға құжаттарды онлайн-режимінде тапсыра алады. Сонымен қатар, электрондық үкімет порталы арқылы қызмет көрсету мерзімі бір күнді құрайды, бұл мемлекеттік қызметті алу рәсімін өте жеңілдетеді.

ҰОС қатысушылары, оларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ басқа мемлекеттердің аумағындағы әскери қимылдардың ардагерлері, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, 1 және 2-топтағы мүгедектігі бар адамдар, жасы бойынша зейнеткерлер, көпбалалы отбасылар, аз қамтылған азаматтар, зиянды өтеу мәселесі бойынша жеке тұлғалар құқықтық кеңес беру түріндегі тегін заң көмегін ала алатынын атап өткен жөн. Асыраушысының қайтыс болуынан, жұмысқа байланысты денсаулыққа келтірілген зияндың орнын толтырудан немесе қылмыстық

құқықбұзушылықтан, жыныстық зорлық-зомбылықтан, адам саудасынан зардап шеккендер, осы мәртебеге не жағдайға байланысты адамдар құқығы мен заңды мүддесін қамтамасыз ету, сондай-ақ қорғау мәселесімен тегін заңды кеңес ала алатынын атап өткен жөн.

Былыр зияткерлік меншікті қорғау саласында жоспардан тыс 109 тексеру жүргізіліп, 58 миллион теңге болатын 50 000-нан астам контрафактілік тауарлар тәркіленді. Өткен жылы мемлекеттік және жеке сот орындаушылар өндірісінде 731 274 атқарушылық іс жүргізілді. Әлеуметтік маңызы бар істерге (алимент, жалақы) ерекше назар аударылды. Борышкерлерді әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартуда тиісті шаралар жүргізілді. Бұл өз кезегінде берешекті неғұрлым тиімді өндіріп алуға ықпал етті.



(Дереккөз: gov.kz)

● КЕРЕК ДЕРЕК

Статистика көрсеткендей, 2024 жылы Алматы қаласында отбасы құрғандар саны 12,09%-ға, некені бұзу 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 1,38%-ға ұлғайған.

Өткен кезеңде Департамент 37 144 «апостиль қою» қызметін көрсетті, бұл республика бойынша көрсетілген мемлекеттік қызметтердің 43%-ын құрайды.

Есепті кезеңде мемлекет кепілдік берген заң көмегі бойынша жұмысты ұйымдастыру нәтижесімен адвокаттар 19 763 азаматқа тегін заң көмегін көрсетті. Осылайша индикатор 100%-ға жетті.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА

ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА

болашаққа сенімді қадам

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

Елімізде тұрғын үй мәселесін шешу және халықты баспанамен қамтамасыз ету мақсатында түрлі мемлекеттік және коммерциялық бағдарламалар жүзеге асуда. Әсіресе, үлкен қалаларда көпқабатты тұрғын үйлер көптеп салынып жатыр. Бұл еліміздегі құрылыс саласының белсенді дамып жатқанын көрсетеді.

**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ****РЕКОРДТЫҚ
КӨРСЕТКІШ**

Биыл елімізде 19 млн шаршы метр немесе 175 мың тұрғын үй салынса, 2029 жылға қарай 111 млн шаршы метр салу жоспарлап отыр. Былтыр Президенттің тапсырмасына сәйкес, 172 мыңнан астам баспана пайдалануға берілген. Оның 39 064-і – жеке үй. Бұл – Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері тұрғын үй құрылысындағы рекордтық көрсеткіш.

2024 жыл Қазақстанның тұрғын үй саясаты үшін бетбұрыс кезең болды. Былтыр қараша айында Президент «Тұрғын үй заңнамасын реформалау туралы» Заңға қол қойды. Жаңа реформа азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсартуға мемлекеттік қолдау көрсету тетіктерін жетілдіреді. «Отбасы банкі» «Бір терезе» қағидаты бойынша мұқтаж азаматтар арасында тұрғын үйді тіркеу және бөлумен айналысатын толыққанды даму институтына айналады. Реформа тұрғын үй алу кезегіндегі азаматтарға баспана беру процесінің ашықтығын арттыру мақсатында жүргізілді. Сондай-ақ, осы заң аясында жалға берілетін мемлекеттік тұрғын үйлерде тұратын 71 мыңға жуық азаматқа пәтерлерін жекешелендіруге мүмкіндік берілді. Жалдамалы тұрғын үй иелерінің көпшілігін халықтың әлеуметтік осал топтары, ҰОС ардагер-

лері, мүгедектігі бар азаматтар, көпбалалы отбасылар, жетім балалар және т.б. құрап отыр.

Елімізде әлеуметтік осал топтарды баспанамен қамту мәселесі маңызды бағыттардың бірі екені сөзсіз. Жаңа заң аясында былтыр республика бойынша халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы мұқтаж азаматтар үшін 20 мыңнан астам пәтер сатып алынды. Одан бөлек, 2300 азаматқа ипотека бойынша бастапқы жарнаны төлеу үшін тұрғын үй сертификаттары түрінде 2,6 млрд теңге бөлініп, 10,4 мың азаматқа тұрғын үйді жалға алғаны үшін жалдау ақысының бір бөлігін жабуға тұрғын үй төлемдері субсидияланды. Биыл елімізде 19 млн шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланған. Бұл дегеніміз, 175 мың баспана. Ал 2029 жылға дейін бұл көрсеткіш 111 млн шаршы метрге дейін жетуі тиіс.

«Наурыз» және «Отау» мемлекеттік бағдарламалары аясында 2024 жылы 10 мыңға жуық отбасы тұрғын үй жағдайын жақсартты. 64 мыңға жуық отбасын қолдауға 1 трлн теңге бөлен. Мемлекет жалдау ақысын субсидиялау және жеңілдетілген ипотекалық несиелер беру бойынша қолдау көрсетуді жалғастырады.

Қазіргі таңда Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп Президенттің әрбір қазақстандықтың қолайлы жағдайда өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған тапсырмаларын белсенді түрде жүзеге асыруда.

**ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ**

Қанат СЕРІКҰЛЫ,
«Шыңғар Транс» ЖШС
диспетчерлік бөлімінің басшысы:

АРМАНЫМ АҚИҚАТҚА АЙНАЛДЫ

Елімізде тұрғын үй мәселесін шешу және халықты баспанамен қамтамасыз ету мақсатында түрлі мемлекеттік және коммерциялық бағдарламалар көп. Мен сол бағдарламалардың шапағатын көрген жандардың бірімін.

Өткен жылы «Отбасы банкінің» 50/50 бағдарламасы арқылы Алматының Алатау ауданына қарасты «Дарабоз» ықшамауданынан көптен күткен баспанама қол жеткіздім. Бұл тек баспана емес, менің үлкен арманымның орындалуы деп айтсам да болады.

Бағдарламаның ыңғайлы шарттарының арқасында бастапқы жарнаны жинап, қалған соманы тиімді пайыздық мөлшерлемен несиеге рәсімдедім. Банк қызметкерлерінің қолдау көрсетуі, барлық үдерісті түсіндіруі және жылдам қызметі мені ерекше қуантты.

Үйлі болу – тек жайлы тұрмыс емес, тұрақтылық пен болашаққа деген сенімділік. Жаңа үйдің табалдырығын аттап, болашаққа үлкен жоспарлар құрудамын. Енді өз шаңырағымда отбасыма шаттық сыйлайтын жылы атмосфера орнату – басты мақсатым.

«Отбасы банкіне» үлкен алғысымды білдіремін! Қазір әрбір адамға өз арманын жүзеге асыру үшін мүмкіндік көп. Ең бастысы – армандаудан және соған ұмтылудан жалықпау керек екен.

Кеше Премьер-министр Олжас Бектенов тұрғын үй құрылысын одан әрі дамыту және баспана қолжетімділігін арттыру мәселелері бойынша кеңес өткізді. Онда Мемлекет басшысының Ана тілі газетіне берген сұхбатында айтқан тапсырмаларын орындау бойынша жұмыс барысы қаралды.

Кеңесте Премьер-министр Жұмысшы мамандықтары жылы аясында техникалық мамандарға арналған ипотекалық және жалға берілетін жеңілдікті тұрғын үй бағдарламасын кеңейту қажеттігін атап өтті.

Айта кетейік, 2024 жылы «Отбасы банкі» 1,29 трлн теңге сомасында 71 452 несие берді, оның 39,8%-ы бастапқы тұрғын үй сатып алуға арналған. «Отау» және «Наурыз» бағдарламалары бойынша жалпы 251,9 млрд теңгеге 10 003 қарыз берілді.

**АЛМАТЫ –
АРМАН ҚАЛА**

Алматының тұрғын үй нарығы – ұзақ мерзімді инвестиция үшін тартымды сектор. Соңғы жылдары шаһарда құрылыс қарқынды дамып, заманауи тұрғын үйлер, бизнес-класты және эконом-класты көпқабатты кешендер көптеп салына бастады. Жаңа тұрғын үй жобалары іске қосылған сайын, қалада баспанаға деген сұранысты қанағаттандыруға бағытталған үлкен

шаралар қолға алынуда. Бұл процесс көптеген әлеуметтік бағдарламалар арқылы қолдау тауып, тозығы жеткен үйлерді жаңартуға, жаңа пәтерлердің қолжетімділігін арттыруға септігін тигізуде. Сарапшылар көпқабатты үйлердің санының артуы, қаланың инфрақұрылымын жақсартуға және әлеуметтік жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді деп отыр.

Десек те, Алматыдай алып қаладан үй алу әркімге бұйыра бермейтін бақыт. Алайда, оны жүзеге асыру үшін жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар жоқ емес. Бүгінде «Отау» мен «Наурыз» бағдарламалары көпшіліктің сұранысына ие. «2-10-20», «5-10-20» тұжырымдамалары да жалғасын тауып келеді. Сондай-ақ, «Ұмай» мен «Жасыл ипотека» бағдарламалары биыл жазда іске қосылады деп жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, 2017 жылы іске қосылған «Алматы жастары» өңірлік бағдарламасы жыл сайын жұмыс істеп келеді. Оған 35 жасқа дейінгі тұрғындар қатыса алады.

Коммуналдық инфрақұрылым басқармасының басшысы Ғалымжан Әбдішүкірұлының айтуынша, Алматы қаласы әкімінің тапсырмасымен жастарға арналған жеңілдетілген несие беретін «Алматы жастары» бағдарламасы биыл да жалғасын табады. Бағдарлама шеңберінде 1300-ден астам азаматты баспанамен қамтамасыз ету көзделіп отыр.

Айта кетейік, Алматыда былтыр 5567 азамат мемлекеттік бағдарламалар арқылы баспаналы болды. Сондай-ақ, 206 тұрғын үй сертификаты табысталды. Ал биыл тағы 6 мың баспананың кілтін табыстау жоспарда бар.

**НАРЫҚТА БӘСЕКЕ
ЖОҒАРЫ**

Бүгінде тұрғын үй нарығында бәсеке жоғары. Құрылыс компаниялары клиенттердің назарын аудару үшін жобаларын барынша тартымды етуге тырысып бағуда. Олар тұрғындарға көліктік қолжетімділігі жоғары, дамыған ішкі инфрақұрылымы және тау етегінде орналасқан, табиғи апаттарға төзімділігі бар коттедж қалашығын ұсынудан жалықпайды. Дейтұрғанмен, Алматы өзінің экономикалық дамуы, халық санының өсуі және урбанизацияның күшеюімен ерекшеленеді. Сондықтан қалада тұрғын үйдің бағасы Қазақстанның басқа аймақтарына қарағанда жоғары. Сарапшылардың пікірінше, баспана құнының көтерілуіне пандемиядан кейінгі сұраныстың артуы, құрылыс материалдарының қымбаттауы әсер еткен.

Алматылықтардың айтуынша, қала орталығы мен тауға жақын аудандардағы үйлер элиталық жылжымайтын мүлік ретінде жоғары бағаланады екен.

МАМАН ПІКІРІ

Данагүл ТҮСПОВА,
«Отбасы банк» АҚ Алматы қалалық филиалының директоры:

**2024 ЖЫЛЫ АЛМАТЫЛЫҚ
13679 ОТБАСЫ ҮЙ АЛДЫ**

«Отбасы банкі» халыққа қолжетімді баспана алуға мүмкіндік беретін бірнеше бағдарламаны жүзеге асырып келе жатқанын жақсы білесіздер. Биыл банк ұсына-тын тұрғын үй алуға арналған бағдарлама-

ларда біраз өзгерістер енгізілді. Жақында «Наурыз» бағдарламасының ашылуын күтіп отырымыз. Бұл бағдарлама салымшыларына өткен жылғы өтінім қабылдау кезінде депозитте бар сома бір миллион теңгені құраған болатын. Қазір ол екі миллион теңгеге дейін ұлғайтылды. Бұл – бірінші өзгеріс. Екінші өзгеріс, ол – алғашқы жарнасы. Егер де біздің клиентіміз Баспана маркет порталында берілген пәтерлердің ішінен таза әрленген үйлерді алуға ниет білдірсе, онда олардың алғашқы жарнасы 10%-ды құрайтын болады. Бұл өзгеріс клиенттердің ай сайын төлейтін сомасының аз шығуына көмектеседі. Мәселен, үй алғаннан кейін азаматтар жөндеу жұмыстарын жүргізуге басқа жерден кредит алуы мүмкін. Сондықтан құрылыс компаниялары таза, әрленген пәтерлерді ұсынады. Сонда біздің клиенттерімізге ай сайын төлейтін сомасы тек қана бір кредитпен шектелетін болады. Бұдан бөлек, биыл «Ұмай» және «Жасыл ипотека» бағдарламалары іске қосылады. Азиялық даму банкімен бірлескен жоба 90 млрд теңге қаражат тартылып отыр. «Ұмай» бағдарламасының аясында жөндеу жұмыстары бойынша 15 млн теңгеге дейін несие алу мүмкіндігі бар. Нарықтық бағдарламаларымыз да бар. Яғни 50/50, «Өз үйім» бағдарламалары арқылы барлық қатысушы өзіне ұнаған пәтерлерін бірінші немесе екінші нарықтан сатып ала алады.

Алматы тұрғындарынан жылдан-жылға өтінім берушілердің қатары көбейіп, банктің салымшыларының саны артауда. Несие алатын отбасылар да көбейді. 2024 жылы Алматы қаласы бойынша 13679 отбасы үйлі болып, қоныс тойын тойлады.



КЕЛБЕТ

Задында пассионарий ұғымының бірнеше анықтамасы бар. Түркітанушы ғалым Лев Гумилевтің тұжырымдауынша, пассионарий озық идея үшін үлкен тәуекелге барса да шексіз жанқиярлықпен жұмыс істеуге дайын тұлға ретінде айқындалады. Үздіксіз ізденістің соңында жүретін пассионарий жандар шуағын маңайына шаша өзгелерге де кеудесін кернеген ізгі мұратын бірте-бірте сіңіре бастайды. Сол арқылы пікірлес, ұстанымдас адамдарды жанына шоғырландырғанын өзі де аңдамай қалатыны бар. Ізгі идеясы арқылы магнитше тарта білетін пассионарийге сай батыл мінез әрі-беріден соң нағыз көшбасшыға тән.



ПАССИОНАРИЙ ПЕДАГОГ

Филология ғылымдарының докторы, профессор Намазалы Омашұлы туралы бір үзік сыр

ДАНАЛЫҚ ПЕН ПАРАСАТТЫЛЫҚ МЕКТЕБІ

Ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым, жоғары білім саласының білікті ұйымдастырушысы – Намазалы Омашұлы пассионарийдің дәп осы анықтамасына әбден дәп келеді деп білем. Сәулелі ғұмырын сауабы мол ғылым мен білім саласына арнап келе жатқан елдің азаматы биыл жетпіс бестік мерей жасына даналық пен парасаттылығы қабысқан мол тәжірибемен келді.

Намазалы Омашұлы есімімен өз басым ең алғаш 1998 жылы «Егемен Қазақстан» газеті бетінен танысқаным есімде. Ол тұста Журналистика факультетінің басшылығында болған даңғайыр декан факультеттегі оқу барысы туралы аға газетке ықшам сұхбат беріпті.

11-сыныптың оқушысы, әрі 16 жастағы ботатірсек бозбала мен үшін беймәлім, әрі сонысымен де тылсым көрінген журналистика мамандығына ынтызарлығымды оятқан, құлшынысымды арттырған тағдыршешті сұхбат сол болыпты. Әлбетте, оның алдында журналистикаға дайындықпен келетін көп талапкер сияқты менің «Ұлан» балалар газетіне ара-тұра тырнақалды мақалаларым шығып, балаң көңіліміз жазуға аз-кем төселіп қалғаны да бар-тын. Дейтұрғанмен, қазір ойлап қарасам, журналист болу, яки болмауымның нүктесін «Егемен Қазақстанға» шыққан сол бір шағын сұхбат қойған сияқты.

«Бір адам мың адамға олжа салады» дейтін халық даналығын қаперге алғанда бүгінде ғалымның 50 жылдан асқан сан қырлы ғылыми-шығармашылық ғұмырнамасында журналистикаға таласы бар қаншама жастың қанатын қомдап, шабыт-ын үстеп, тәлімгерлік жолға салғаны ұлағатты ұстаздың өзіне де беймәлім шығар. Өйткені, профессор Намазалы Омашұлының қоластында тікелей шәкірті болғандары өз алдына, елдің әр қиырына тарайтын ба-

сылымдарда жарияланған ұстаздың ынталандыру сөздері әсер етіп, өмірін журналистикамен байланыстыруға бел байлағандарда да қисап жоқ, сірә. Тәлім алған көптің қатарында біздің де бар екеніміз көңілімізге зор медеу екен.

«ІЗДЕНУДЕН ШАРШАМАЙТЫН ЖІГЕРІҢ БОЛСЫН»

1999 жылдың күзінде армандаған ҚазҰУ-дың Журналистика факультетіне оқуға қабылдандым. Алғашқы танысулар, ағынды дәрістер сияқты студенттік күйбеңнің көп әсері арасында «Егеменнен» сұхбатын оқыған деканды көруге ынтық болдық. Жүрісі ширақ, кесіп-пішіп нақ сөйлейтін домалақ жүзді салмақты тұлғаның түрі ә дегенде сұсты көрінді.

Байсалды болмысын сезгендіктен бірден ашық шүйірлесіп, араласып кете алмадым. Бірдеңе десем, «бетімді қайтарып, қатқыл сөйлеп тастай ма?» деген үрей бойымды биледі. Қайткенде де қорқынышты жеңіп, деканның қабылдауына бағылымды жинап бардым да, кірген бетте «мықты журналист қандай болуы керек, аға?» деген сауалды төтесінен тастадым. Декан кабинетіне баса-көктеп кіріп келген 1-курс студентінің бойын бір шолып, көзілдірігінің астынан сынай қарағандай болды да, аз-кем үнсіздіктен соң «айналайын-ай, шалқар білімің, ізденуден шаршамайтын жігерің болсын, ең бастысы көздеген мақсатыңа жеткізбей қоймайтын қайсар мінезің болсын» деді де, алдындағы қағаз-құжатына үңіле берді. Басқа ештеңе деген жоқ. Бірақ сол тәлімсөздің өзі маған жеткілікті еді. Өмір бойы санама жатталып, шалғайдан бағдар беретін маяктай ғұмырлық бағытымды анықтап берген сөз осы болды.

Бәлкім, 1-курс студентімен болған 25 жыл бұрынғы кездесу ұстаздың есінде де жоқ болар. Өйткені, елу жылдық ғылыми-

педагогикалық қызметінде алдынан талай студент, қилы жағдай өткен болар. Көңілі алабұртып, екінші үйіне айналатын альмаматерінен ата-ана беретін жылулықтан кем емес шапағатты іздейтін білім алушыға университетте өткізген әрбір күн, әрбір сәт, секунд есте қалардай әсерлі, әрі жылдарға азық қадірлі. Оны жылдар алыстаған сайын университеттен түлеп ұшқан білім алушылар жіті түсінеді екен. 20 жыл бұрын журфактың қабырғасынан үлкен өмір жолына қадам басқан біз де жылдар жылыстаған сайын түсініп келеміз.

БИІК АДАМГЕРШІЛІКТІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ

Әлем ұстазы әл-Фарабидің «Тәрбие тұжырымдамасына» жүгінер болсақ, тәрбиелеуші (кемел адам) тұлға тұжырымында ұлы педагог «Тәрбиенің негізін қалаушы ұстаз» деп, «Ұстаз білім мен тәрбие беретін адам ғана емес, ол адамгершілік пен мінез-құлықтың да үлгісі болуы тиіс» дей келе, оны «білімнің ғана емес, адамгершілік пен моральдің да жетекшісі болуы керек» баса нұсқаған. Ұстазды өзі кемел адам болуға лайық тұлға болуы керек деп, мұғалімнің рөлін аса биік бағалағаны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, Намазалы Омашұлының бойында Фараби тәпсірлеген биік адамгершілік пен ізгі моральдің озық үлгісі бар деп айтуға шәкірті санатындағы біздің де хақымыз бар деп есептеймін.

Жоғары білім мен ғылым саласының көрнекті тұлғасы, Гумилев айтқан пассионарийлік өн бойында молынан табылатын Намазалы Омашұлынан студент кезімізде өз алдына, кейінірек аспирант кезімізде де мол тағылым алдық. 2004 жылы журфактың аспирантурасына түсіп, Намазалы Омашұлына ғылыми жетекші болуын сұрап, алдына бардым.

Бұл тұста ұстазымыз ҚазҰУ-дың проректоры қызметінде еді. Студент кездегідей аға-

ның қабылдауына еркін кірдім де, жетекші болуын сұраған ойымды ашып айттым. Профессор әдеттегіше көзілдірігінің астынан үсті-басыма алдымен барлай қарап алды да: «не тақырып алмақ ойың бар?» деп сұрады. Телевизия қазанында тәжірибе жинаған практик маман ретінде тақырыбымды телевизия төңірегінде, дәлірегі өзім қызмет істеп жүрген ақпараттық-сарапатамалық бағдарламаларға қарай бағыттағым келетінін айттым.

Проректор мені мұқият тыңдап алды да, ойымды құптап: «Кез келген диссертацияда екі нәрсе: зерттеу нысаны және ғылыми проблема болуы керек. Зерттеу нысаны – телевизияның ақпараттық бағдарламалары, проблема – ақпараттық бағдарламалардың даму мәселелері. Таңдаған бағытың тың, әрі бұрын зерттелмеген тақырып екен. Сонысымен де қызық, әрі қиын. Қиын болатыны – зерттейтін салаң бойынша пайдаланылатын әдебиет тым жұтаң. Сондықтан мұрағаттық құжаттармен көбірек жұмыс істеуіңе тура келеді. Бірақ не тақырыпты алсаң да індетіп, әбден зерттеп алып жаз» деді. Сол сөз маған өмірлік бағдар болды.

АСА БАЙ ӨМІРЛІК ТӘЖІРИБЕСІ БАР КӨРНЕКТІ ТҰЛҒА

Ұстаздың тәлімінен әлі күнге өнеге алып келеміз. 2010 жылы «Қазақ телеарналарындағы ақпараттық бағдарламалар» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғадым. Профессор Намазалы Омашұлының жетекшілігімен кандидаттық еңбек қорғаған ең соңғы диссертант болдым. Себебі, 2011 жылы бұрынғы ғылым жүйесі бойынша кандидат және докторлық диссертация қорғау тоқтатылды. Сол жылдан бастап, ағылшын-саксон жүйесі бойынша PhD докторантура енгізілгені белгілі.

2009 жылы профессор Намазалы Омашұлы Астанаға

қызметін ауыстырып, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Журналистика және саясаттану факультетін ашып, оның тұңғыш деканы болды. Мен де Еуразия ұлттық университетінде 2011 жылдан бастап, қызмет ете жүріп ұстазыммен бір оқу орнында әріптес болдым. Профессор 2009 жылдан 2020 жылға дейін журналистика мәселелерін зерттейтін институтты басқарып, алаш журналистикасына қатысты 21 томдық еңбек жазды.

2021 жылы 70 жастық белестен асқан шағында ұлағатты ұстазымыз ҚазҰУ ректоры Жансейіт Қансейітұлынан қара шаңырақ – Фараби университетіне шақырту алды. Араға 12 жыл салып, елордамыз Астанадан ару қала Алматыға оралған ұстазымызбен биыл қара шаңырақта қайта қауыштық. Жетпістің бөсеуіне көрнекті тұлға аса бай өмірлік тәжірибемен келді.

Атап айтқанда, ұстаздың шәкірттері бір шоғыр: 20-дан аса кандидаттық, 6 докторлық қорғалды, ғылыми мектебі қалыптасты: 7 ғылыми жобаның жетекшісі және соның негізінде жарық көрген 21 томның жалпы редакциясын басқарды. 3 томдық шығарма жинағының, 6 монографияның, 3 оқулықтың, 7 ғылыми-публицистикалық еңбек пен очерк жинағының, 6 оқу құралы мен 500-ден астам ғылыми, публицистикалық мақалалардың авторы.

Осы тұрғыдан алғанда, Намазалы Омашұлы әл-Фараби трактаттарындағы тәрбие тұжырымдамасында айтылған кісілік әлеуеттің озық үлгісін көрсетіп, Лев Гумилевтың пассионарийлық теориясына сай келетін асқар бел азамат екенін жетпіс бестік белесінде бәрімізге тағы бір мәрте ұғындырды.

Қанат ӘУЕСБАЙ,
Фараби университеті
Журналистика
факультетінің деканы,
филология ғылымдарының кандидаты.

ҚҰРМЕТ

ҚАЗАҚ ОПЕРАСЫНЫҢ АЛЫП ТҰЛҒАСЫ

Ермек Серкебаевтың құрметіне ескерткіш-тақта орнатылды



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

КСРО халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері Ермек Бекмұхамедұлы Серкебаевтың құрметіне ескерткіш-тақтаның ашылу рәсімі өтті. Өнердің ұлы тұлғасына арналған іс-шараның басында Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Ермек Бекмұхамедұлының інісі Мұрат Серкебаев пен ұлы Байғали Ермекулы болды. Сондай-ақ, іс-шараға өнер қайраткерлері, қоғам белсенділері мен әншінің шәкірттері қатысты. Іс-шара барысында құттықтау сөздер, әйгілі әншінің өмірі мен шығармашылығына қатысты естеліктер айтылды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аида БАЛАЕВА,
Мәдениет және ақпарат министрі:

ЕРЕКШЕ ДАРЫН ИЕСІ

Музыка өнерінің майталманы Ермек Бекмұхамедұлы – қазақ музыка өнерінің алыбы, көрнекті әнші, талантты актер және білікті ұстаз. Оның асқақ бейнесін ел есінде мәңгілікке сақтап, ұрпақтар жадында қалдыру мақсатында орнатылып отырған ескерткіш ұлы тұлғаның өнері мен шеберлігінің шексіз құндылығын айғақтайды. Ермек Бекмұхамедұлы сирек кездесетін ерекше талант иесі ғана емес, жеке шеберлігі мен сахналық биік тұлғасы арқылы миллиондаған тыңдармандардың жүрегінен орын алған өнердің ең жоғары шыңына көтерілген біртуар дарын иесі.

Байғали ЕРМЕКУЛЫ:

АЛҒЫСЫМДЫ
БІЛДІРЕМІН

Әкемнің осы деңгейде құрметтеліп жатқаны мен үшін үлкен қуаныш. Алматы қаласының әкімдігі мен барлық ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін. Әкемнің таланты мен өнерін бағалайтын жандардың көп болғаны мені ерекше толғандырады. Ол әрқашан өзінің жүрекжарды дауысымен тыңдармандарын баурап алатын. Бүгін осы жерге келген барлық адам оның өнеріне деген шексіз махаббатын тағы бір рет айғақтап отыр. Игі іске атсалысқан барлық жандарға, әсіресе, Алматы қаласының әкімдігіне үлкен алғысымды айтамын.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Ермек Серкебаевтың есімі қазақ өнерінің тарихында алтын әріптермен жазылған ұлы тұлға. Оның дауысы мен әндері мәңгілікке ұрпақтан-ұрпаққа жететіні анық. Бұл ескерткіш оның ұлы тұлғасын, ғаламат өнерін, және қазақ мәдениетіне қосқан баға жетпес үлесін мәңгілікке сақтауға бағытталған қадамдардың бірі болды. Қазақ өнерін көкке көтерген тұлғаға арналған ескерткіш-тақтаның ашылуында КСРО Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов құттықтау сөзін сөйледі. Сөзінде Е.Серкебаевтың қазақ өнеріндегі орны өшпестей таңбаланған тұлға екенін тілге тиек етті. Ол өзінің өнерімен ғана емес, өнер ортасында адамгершілігімен де кейінгі буынға үлгі бола білгенімен де тоқталып, естеліктерімен бөлісті.

БРИФИНГ

МЕТРОДА ДА
КІТАПХАНА БАР

Енді кітапты автоматты құрылғылардан
тегін алып оқуға болады

(Басы 1-бетте)

Айта кетерлігі, шаһардағы үш кітапхана тәулік бойы, 24/7 режимімен жұмыс істейді. Сонымен қатар, кітаптарға almatylibrary.kz сайты арқылы да онлайн тапсырыс беруге болады.

Брифингте сөз алған Қазақстан жазушылар кітапханасының жетекшісі Макпал Мұхаммедова Алматы Мәдениет басқармасына қарасты кітапханалардың барлық жұмысы автоматтандырылғанын атап өтті. «Қала кітапханаларындағы 1,3 миллионнан асатын бүкіл кітап қорының бірыңғай есебі құрылған. Қызметкерлер электронды каталог жүргізеді, әдебиеттердің кімнің қолында екенін жедел қадағалайды, бұл қызмет көрсетуді едәуір жылдамдатады. Кітаптар мен олардың қолжетімділігі туралы барлық ақпаратты бірыңғай мәліметтер базасынан алуға болады. Ал қорды пайдалану статистикасы қызметкерлерге әдебиетке деген сұранысқа талдау жасауға көмектеседі», – дейді спикер.

Алматы кітапханаларының жетеуі (Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасы, «Alatau Creative Hub», Чехов атындағы орталық қалалық кітапхана, Қазақстан жазушыларының кітапханасы, сондай-ақ, №4, №14 және №45 бөлімшелері) есту және көру қабілеті бұзылған адамдарға қызмет көрсетеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Макпал МҰХАММЕДОВА, Қазақстан жазушылар кітапханасының жетекшісі:

ЗАҒИПҚА ДА КІТАП ОҚУҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

Есту және көру қабілеті бұзылған адамдарға арналған кітапханаларда мәтінді тактильді форматта шығаратын Брайль дисплейлері, Брайль басып шығаруға арналған принтерлер, мәтіннің контрастын үлкейтуге және өзгертуге арналған құрылғылар және мәтінді оқитын, оны дауыстап ойнататын және аудио форматқа аударатын сканерлер бар.

Аудиокітаптарды тыңдау ыңғайлы болу үшін кітапханаларда дыбыс сапасы жоғары құлаққаптар да бар. Сонымен қатар, бейімделген бағдарламалық жасақтамасы бар компьютерлер орнатылған. Бұл – көру және есту қабілеті нашар адамдарға ақпаратпен тиімді жұмыс істеуге көмектеседі. Бұл бастама Алматы әкімінің тапсырмасымен мәдени нысандарға тең қол жеткізу және кедергісіз орта құру қағидаты шеңберінде іске асырылды.





САРАПТАМА



**Америка
Құрама
Штаттарында
өткен дүйсенбіде
жасанды интеллект
(AI) саласында
қолданылатын чиптерді
шетке шығаруға қатысты жаңа
ережелер қабылданды.**

Жаңа ережелер 120 күннен кейін күшіне енеді. Бұл жаңа президент Дональд Трамп әкімшілігінің оларға өзгеріс енгізу мүмкіндігі бар дегенді білдіреді. Дегенмен, егер ережелерді уақытша тоқтата тұрса, Қытай осы аралықта АҚШ чиптерін көптеп сатып алуы мүмкін.

Nvidia өкілдері Трамп әкімшілігінің алғашқы кезеңіндегі тәжірибеге сүйене отырып, «АҚШ технологияларды әлемге тарату арқылы инновация мен бәсекеге қабілеттілікте ұтады» деген пікір білдірде. Ал жаңа шектеулердің АҚШ пен Қытай арасындағы технологиялық бәсекеге нақты қалай әсер ететінін уақыт көрсетеді.

UBER ТАКСИ ҚЫЗМЕТІ жасанды интеллектке көшеді

- OpenAI, Meta, Amazon сияқты технокорпорациялар ғана емес, Uber

UBER БҮЛ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚАЛАЙ ҚОЛДАНУЫ МҮМКІН?

Uber толық мәлімет бермегенімен, бұл технологиялар келесі бағыттарда қолданылуы ықтимал:

Жетілдірілген модельдеу: Cosmos құралы әртүрлі жол жүру ортасын, көлік қозғалысы үлгілерін және ауа райы жағдайларын модельдеп, автономды көліктердің шешім қабылдау алгоритмдерін жақсартуға көмектеседі.

Деректерді пайдалану: Uber-дің жолаушылар мен жеткізу қызметтері туралы ауқымды деректері Nvidia-ның AI платформалары арқылы талданып, қалалық көлік қозғалысын тиімді басқаруға және автономды жүйелерді оңтайландыруға ықпал етуі мүмкін.

Жасанды интеллектті оқыту: DGX Cloud платформасының жоғары өнімділігі Uber-дің автономды жүргізу

Жасанды интеллект чиптері экспорты:

АҚШ ЖАҢА ШЕКТЕУЛЕР ЕНГІЗДІ

Бұл шешім президент Джо Байденнің қызметтік мерзімінің соңғы күндерінде Қытай мен басқа бәсекелес елдердің озық технологияларға қол жеткізуін шектеу мақсатын көздейді. Жаңалық шыққаннан-ақ Қытай тарапы қатаң наразылық білдіріп, бұл тосын қадамға АҚШ-тағы чип өндірісі өкілдері де сын айтуда. Еуропалық Одақ та бұл шектеулерге байланысты алаңдаушылық танытты.

ВАШИНГТОН НЕНІ КӨЗДЕП ОТЫР?

Соңғы жылдары АҚШ Қытайға экспортталатын жасанды интеллект пен қару-жарақ жүйелерінде қолданылатын жоғары технологиялы чиптерге бақылауды күшейтті. Америкалық саясаткерлер Қытайдың технологиялық дамуын жіті бақылап, өз қауіпсіздігі үшін алаңдаулы екенін жасырмайды.

– АҚШ әлемде жасанды интеллект саласында көш бастап тұр. Бұл тек AI әзірлемелері мен чип дизайнымен ғана байланысты емес, жалпы технологиялық басымдылыққа қатысты, – деді Сауда министрі Джина Раймондо.

«қауіпсіздік қатері» деп санамау керектігін ескертті.

Американың өнеркәсіп өкілдері жаңа талаптардың АҚШ-тың бәсекеге қабілеттілігіне кері әсер етуі мүмкін деп алаңдаулы. Жартылай өткізгіштер өнеркәсібі қауымдастығының басшысы Джон Нойффер президенттің өкілеттілігі аяқталуға таяған сәтте мұндай ауқымды өзгерістің салалық компаниялармен тиісті деңгейде ақылдаспай қабылданғанына наразы. Nvidia компаниясы да бұл ережелерді сынға алып, «Қауіпсіздік күшейе қоймайды, есесіне бәсекелестік әлсірейді» деп мәлімдеді.

сияқты такси қызметін ұсынушылар да жасанды интеллектіні өз жұмысына енгізе бастады.

Uber өз автономды көлік технологиясын дамыту үшін Nvidia-ның Cosmos генеративті модельдеу құралы мен DGX Cloud жасанды интеллект суперкомпьютерлік платформасын қолдануды жоспарлап отырғанын мәлімдеді.

COSMOS ПЕН DGX CLOUD ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Cosmos – физикаға негізделген, егжей-тегжейлі виртуалды әлемдер құратын генеративті модельдеу құралы. Бұл автономды жүйелерді күрделі сценарийлерде шынайы модельдеу және тестілеу үшін қолданылады.

DGX Cloud – жасанды интеллект модельдерін үйретуге және енгізуге арналған, жоғары өнімділікті қамтамасыз ететін бұлтқа негізделген суперкомпьютерлік платформа.

алгоритмдерін оқыту және жетілдіру үдерістерін жылдамдатып, жүйенің сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, Uber өзінің такси қызметіндегі тәжірибесін Nvidia-ның жасанды интеллект технологияларымен ұштастыра отырып, автономды көлік технологиясын ілгерілетуді, қауіпсіздік пен тиімділікті арттыруды мақсат етіп қойды. Бұл ынтымақтастық болашақтағы көлік шешімдерін қалыптастыруда AI-дың симуляциясы мен есептеу платформаларының маңыздылығын көрсетіп отыр.

Мейіржан ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
журналист, IT маман.

ЖАҢА ЕРЕЖЕЛЕР ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ӘКЕЛЕДІ?

1. **Экспортқа арнайы рұқсат:** чиптер экспортын, қайта экспортын және ел ішіндегі тасымалдарын жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат талап етіледі.
2. **Достық елдерге жеңілдіктер:** АҚШ-пен жақын серіктестік қатынастағы елдерге кейбір ерекшеліктер қарастырылған.
3. **Чиптердің көпшілігіне шектеу:** жаңа ереже шығарылған чиптердің едәуір бөлігін сыртқа шығаруға шектеу қояды.
4. **AI деректер орталықтары:** жасанды интеллектке арналған деректер орталықтары чипті импорттау үшін қауіпсіздік шараларын күшейтуі тиіс.
5. **Озық AI модельдерін бөлісу:** жетілдірілген модельдерді басқа жаққа таратуға да қосымша шектеулер енгізілді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕАКЦИЯ

- **Қытай:** Сауда министрлігі бұл саясатты «халықаралық сауда ережелерін өрескел бұзу» деп атап, өз мүдделерін қорғауға уәде берді.
- **Еуропалық Одақ:** Еуропа өзін





АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ

ҚОРЖЫНЫМЫЗ
ТОҚ БОЛСЫН!

7–14 ақпан күндері Қытай Халық Республикасының
Харбин қаласында IX қысқы Азия ойындары өтеді



Досбол
АТАЖАН



Туризм және спорт министрлігінің мәліметінше, ел құрамасынан Харбиндегі жарысқа спорттың 6 түрінен 138 спортшы барады. Олар 51 медаль жиынтығына таласады. Атап айтқанда: биатлон – 10 спортшы, кёрлинг – 12 спортшы, конькимен жүгіру спорты – 20 спортшы; мәнерлеп сырғанау – 4 спортшы, шорт-трек – 12 спортшы, шаңғы жарысы – 12 спортшы, шайбалы хоккей (ерлер) – 23 спортшы, шайбалы хоккей (әйелдер) – 23 спортшы, тау шаңғы спорты – 8 спортшы, фристайл-акробатика – 7 спортшы, шаңғы жарысы – 8 спортшы. Жалпы, қысқы Азия ойындарына құрлықтағы 32 елден 1147 спортшы қатысады деп жоспарланған. IX қысқы Азия ойындарының ашылу салтанатында хоккейші Әділ Бекетаев пен шорт-тректің өкілі Ольга Тихонова ту ұстайды.

Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов ұлттық құрама мүшелеріне

Харбинде өтетін қысқы IX Азия ойындарында табысты өнер көрсетулеріне тілектестік білдірді.

«Біздің ұлттық құрама алдағы Азия ойындарында жақсы нәтиже көрсетіп, қазақстандықтарға нағыз спорт мерекесін сыйлайды деген үміттеміз. Әйгілі спортшылар – олимпиада жеңімпаздары Владимир Смирновтың, Людмила Прокашеваның, Елена Хрусталеваның, Денис Теннің, Юлия Галышеваның аттары қазақ спортының тарихында алтын әріптермен жазылған. Спортшыларымыздың осы даңқты жолды Харбинде өтетін алдағы ойындарда жалғастырып, жоғары нәтиже көрсетулеріне тілектеспін», – деді Үкімет басшысы.

Айта кеткен жөн, соңғы рет Қысқы Азия ойындары 2017 жылы Жапонияның Саппоро қаласында өткен болатын. 32 елдің спортшылары қатысқан жарыста Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте төртінші орын алды. Қазақстандық спортшылар 32 медаль жеңіп алды: 9 алтын, 11 күміс және 12 қола. Жалпы, аталмыш жарыстың тарихына тоқталсақ, Қазақстан құрамасы қысқы Азия ойындарына 1996 жылдан бастап қатысып келеді. Сол жылы да Азия ойындары Қытайдың Харбин қаласында өткен еді.

1996 жылы бірінші қысқы Азиядада Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте екінші орынға шығып, Жапония мен Оңтүстік Кореяны артта қалдырған болатын. Біздің спортшылар 14 алтын, 9 күміс және 8 қола медаль жеңіп алды. 1999 жылы Канвондода өткен (Оңтүстік Корея) Азия ойындарында отандастарымыз 10 алтын, 8 күміс және 7 қола медаль еншілеп, медальдық есепте үшінші сатыдан көрінді.



2003 жылы Жапонияның Аомори қаласында өткен Азияда кезінде қазақ спортшылары 7 алтын, 7 күміс және 6 қола медальға ие болды. 2007 жылы Чанчунде (Қытай) өткен жарыста Қазақстан барлығы 6 алтын, 6 күміс және 6 қола медаль алса, 2011 жылы Алматы мен Астанада ұйымдастырылған құрлық біріншілігінде 32 алтын, 21 күміс және 17 қола медаль жеңіп алды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Спорттық киім Харбиннің ауа райына сай тігілді

Үкімет отырысынан кейін өткен баспасөз мәслихатында Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов Қытайда өтетін IX қысқы Азия ойындарына қатысатын қазақстандық спортшылардың формасын дайындауға ел бюджетінен қаражат жұмсалмағанын атап өтті.

– Спортшылардың формасы ұйымдастыру комитетімен келісіліп, қысқы олимпиада стандарттарына сай, яғни Харбиннің ауа райына сай тігілді. Спортшылар, басқа да спорт мамандары тарапынан жақсы қабылданды. Спорттық киім демеушілердің тарапынан тігіліп, сыйлық ретінде беріліп отыр, – деді Ербол Мырзабосынов.

Айта кетейік, Азия ойындарына аттанатын форма жиынтығына жылы куртка, желден қорғайтын костюм, жилет, спорттық және жаттығу киімдері, футболка, шорты, бас киімдер, спорттық аяқкиім және әртүрлі аксессуарлар кіреді. Негізгі түстер – қою көк пен ашық көк. Бұл түстер тұрақтылықты, тәуелсіздікті және жаңа белестерге ұмтылысты бейнелейді. Ақ түсті элементтер тазалықты және спорттағы әділдік қағидаттарын айқындайды.

УНИВЕРСИАДА – 2025

АНАСТАСИЯ
ТАҒЫ ДА АЛТЫН АЛДЫ

Италияның Турин қаласында өтіп жатқан Универсиадада Қазақстан құрамасының спортшысы Анастасия Городко екі алтын еншіледі.

(Сурет ашық дереккөзден).

Ұлттық құрама спортшысы алдымен фристайл-могулдан топ жарды. Городко финалда 79.79 ұпай жинап, үздік атанды. Екінші орынға Жапония спортшысы Харука Накао (76.29 ұпай) жайғасты. Ал Германия намысын қорғаған Ханна Виис (75.04 ұпай) қола медальмен үздік үштікті түйіндеді. Ал Қазақстанның тағы бір спортшысы Аяулым Әмренова 70.52 ұпаймен бесінші орынға тұрақтады.

Келесі жарыс күні Анастасия параллель могулдан жеңімпаз атанып, еліміздің туын тағы да көкке көтерді. Айта кеткен жөн, параллель могул финалында екі қазақстандық спортшы бақ сынады, олар – Анастасия Городко мен Аяулым Әмренова. Шешуші сайыста Городко жеңіске жетсе, Әмренова күміс жүлдеге ие болды. Өткен аптада Алматыда өткен фристайл-могул мен фристайл-акробатикадан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында Анастасия Городко фристайл-могулдан 2-орын алып, параллель могулда алтыннан алқа таққан еді.

Бұдан бөлек, Универсиадада отандасымыз Антон Бондарев ерлер арасындағы параллель могулда күміс жүлде алды. Ал парашанғыдан Денис Зинов күміс, Роман Құрбанов қола медаль еншіледі.

Әзірлеген Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



КЕЗДЕСУ

Ұлттық ұланның Алматыдағы Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінің жеке құрамы «Қазақ титаны» атанып кеткен спортшы, файтер, KINES рекордтар кітабының үш дүркін рекордшысы Алматы Жұмановпен кездесті.

109 тонналық вагонды
сүйреген

«ҚАЗАҚ
ТИТАНЫ»



Нұржамал
ӘЛШІ

Сарбаздардың ақын-жазушылар, спорттағы чемпиондар, әр саладағы өнер адамдарымен кездесуі дәстүрге айналған деуге болады. Әскердің оң бейнесін қалыптастырып, әскери қызметтің абыройын арттыра түсуге, кейінгі буын жастарды Отанды сүю, қадірлеу, оны қорғау үшін дайын болуға тәрбиелеуде спорт өкілдерінің де ықпалы зор екені сөзсіз.

Бүгін де осындай жарқын жүздесудің бірінде әскери қызметшілер мен Қазақ титанының арасында қызықты сұхбат болды. Алматы Жұманов – халықаралық дәрежеде ойын көрсетіп жүрген спортшы. Ол – ең алдымен геннен берілген табиғи зор күштің иесі. Оның танымалдылығы рекорд жасаған сайын арта түсті. Алматы Қазақстан ғана емес, шет елдерде де танып, оның ерекше қасиеті әлемге әйгілі болып келеді.

Қажымұқанның бүгінгі ізбасарымен жүзбе-жүз кездесу әскери қызметшілер үшін ерекше жағдай болды.

«Мен де Ұлттық ұлан қатарында болған кешегі сарбазбын. 2015 жылы Теміртау қаласындағы 5516 әскери бөліміне мерзімдік қызметке шақырылып, Отан алдындағы



борышымды өткердім. Әскери қызметті өтеу – әр ер-азаматтың міндеті. Міндеттеріңе адал болыңдар, қажымас қайрат, сарқылмас күш-қуат тілеймін», – деп бастады әңгімесін Алматы Жұманов. Бұдан кейін спортшы рекордтары туралы айтып берді.

Бірінші рекордында 109 тонналық вагонды белге белбеу тағып, 8,5 метрге дейін сүйреген, екіншісінде екі жасар түйені иығына салып, бір уақытта арқанмен үш жеңіл көлікті жүргізушілермен бірге 13 метрге дейін сүйреген. Жалпы, салмақ 4800 кг құраған. Үшінші рекордында АН-72 әскери ұшағын 1 метрге сүйреген.

Қазіргі уақытта Алматы спорттағы бағытын өзгертіп, кәсіпқой боксқа түбегейлі бет бұрды. Нәтижесі де жаман емес. 2024 жылдың 17 желтоқсанында кәсіпқой бокстың UBC CONTINENTAL нұсқасы бойынша Латын Америкасының чемпиондық белбеуін жеңіп алды.

Кеш соңында 5571 әскери бөлімі командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары подполковник Ұлықбек Қараев «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы атынан Алматы Жұмановқа жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру ісіне қосып жатқан үлесі үшін «Алғыс хат» табыстады.



ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

Азаматтардың денсаулығы үшін мемлекеттік қамқорлықтың маңызы зор

Медицина саласына бөлінген қаражатты тиімді игеруге ерекше назар аудару қажет. Бұл туралы «Jibek Joly» телеарнасының «Уәде» бағдарламасына берген сұхбатында Денсаулық сақтау министрі мәлім етті, деп хабарлайды aqshamnews.kz

Ақмарал ӘЛНАЗАРОВА:

МӘМС ЖҮЙЕСІН САҚТАП ҚАЛУЫМЫЗ КЕРЕК

– Қазіргі кезде Президенттің тапсырмаларын орындау тұрғысында МӘМС жүйесін жетілдіру, жергілікті атқарушы органдардың халықтың денсаулығына қатысты жауапкершілігін көтеру мәселесі заң жобасында қамтылған. Бұл құжатта халыққа медициналық қызметтің қолжетімдігін арттыру мәселесі қарастырылған. Президенттің сайлауалды бағдарламасында медицина саласына бөлінетін қаражаттың көлемін арттыру қарастырылды. Бұл ретте инфрақұрылымды, жаңа ғимараттарды салуға, медициналық қызметтердің сапасын арттыру үшін жаңа технологияларды енгізуге қомақты қаражат керек.

Аталған заң аясында салаға бөлінетін қаражатты көбейту жоспарланған. Екіншіден, бөлінген қаражатты тиімді игеруге ерекше назар аудару қажет. Қазіргі кезде мемлекет жағынан бөлінген қаражатты және жұмыс берушілердің жарнасын есепке алсақ, 2,8 трлн теңгеге жетіп отыр. Бұл да аз ақша емес. Осы қаражаттың белгілі бір бөлігі тиімсіз жұмсалып отырғанын көріп отырмыз. Яғни халық МӘМС жүйесіне төлемдер аударылғанымен, медициналық ұйымдарда кезек мәселесі әлі де бар екенін айтып жатады. Біз 2024 жылы бөлінген қаражаттың тиімділігін арттыру бағытында жұмыстарды атқардық, – деді Ақмарал Әл Назарова.

Сонымен қатар, министр бірнеше жылдан бері саладағы тариф мәселесі айтылып келе жатқанын еске салды. 2020 жылдан бастап кредиторлық қарыз деген мәселе пайда болды. Бұл тұрғыда медициналық мекемелер кредиторлық қарызды көбейтіп алды. Осының салдарынан бұл берешек жылдан-жылға көшіп жатады.

– Негізгі себебі – ол тарифтердің төмендігі. Яғни тариф-

тер нақты медициналық қызметке жұмсалып жатқан қаражатты өтемеуі салдарынан осындай қарыздар өсіп жатыр. Жоғарыда айтқандай, бөлінген қаржыны тиімсіз игеру мәселесі бар. Сондықтан осы екі бағытта 2024 жылы Денсаулық сақтау министрлігі өзінің жұмысын ұйымдастырды. 10 жылдан бері тарифтер көтерілмеген. Ана мен балаға медициналық қызметтердің тарифтерін көбейтуге алғашқы қадам жасалды. Жарты жылдың ішінде бастапқы нәтижелерін көріп отырмыз. Атап айтқанда, қаржылық жағдаймен қатар, медициналық қызметтің сапасы жақсарғаны байқалды. Перзентханаларда нәрестелердің шетінеуі азайғаны тіркелді. Сондықтан биыл бұл бағыттағы нәтижелер тағы жақсара түседі деп үміттеніп отырмыз, – деді министр.

Ақмарал Әл Назарованың сөзіне қарағанда, былтыр ана өлім-жітімі орташа есеппен 13 пайызға төмендеген. Бұған саладағы бақылаудың күшейтілуі, ауруханалардағы ем-дом хаттамасын жетілдіру қадамдары, тарифтердің өсуі, кадрлардың білімін шыңдау жұмыстары, медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық жабдықталуын көтеру ықпал етті. Министр міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі қазір әлемде өзінің қажет екенін дәлелдеген тетіктердің бірі екенін атап өтті.

– Дамыған елдерде МӘМС жүйесі бар. Біз 2020 жылы ғана енгіздік. Сондықтан бұл жүйе енгізілген кезеңде, оған корона-вирус пандемиясы проблемасы қосылды. Пандемия кезінде тиімді қаражаттың қажет болуына байланысты заңдарға бірнеше өзгеріс енгізілді. Жалпы, МӘМС жүйесін сақтап қалуымыз керек. Бірақ оны жетілдіре түсеміз, – деді ведомство басшысы.

Еліміздің Денсаулық сақтау министрлігі Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің (ТМҚК) тізбесін жариялады. Олар:

1. Шұғыл және кезек күттірмейтін көмек;
2. Профилактикалық қарап-тексерулер және вакциналау;
3. Тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету;
4. Созылмалы аурулары бар пациенттерді динамикалық бақылау (инсульт, стенокардия, артериялық гипертензия, демікпе, нефрит және тыныс алу және ас қорыту ағзаларының аурулары және т.б.);
5. Әлеуметтік мәні бар ауруларымен ауыратын пациенттерді емдеу (онкология, туберкулез, қант диабеті, психикалық бұзылулар, АИТВ-ЖИТС, инфекциялар және т.б.);
6. Қымбат жоғары технологиялық операциялар;
7. Стационарлық және стационарды алмастыратын көмек;
8. Халықтың нысаналы топтарының скринингтері;
9. Қан препараттарымен қамтамасыз ету;
10. Паллиативтік көмек.

Салыстыру үшін айтар болсақ, өзге елдердегі ТМҚК пакетіне нелер кіреді:

- Германия мен Нидерланды – тек ұзақ мерзімді мейіргерлік күтім;
- Литва – шұғыл медициналық көмек;
- Эстония – 4 ауруға шалдыққан пациенттерге медициналық көмек (АИТВ-ЖИТС, туберкулез, психикалық аурулар, инфекциялар және шұғыл медициналық көмек);
- Ресейде мемлекеттік медициналық көмек пакетіне мыналар кіреді: санитариялық авиация, АИТВ/ЖИТС, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар, туберкулез және психикалық аурулар.

Біздің ел медицинасының артықшылығын осы деректерден-ақ бағамдай беріңіз. Дегенмен, ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеген абзал деп ойлаймыз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Естай БОЖАН,
сарапшы:

Қамқорлықтың маңызы зор

Медицина саласын дамыту, әсіресе, оның халыққа қолжетімділігін арттыру бойынша мемлекеттің алға қойған шаралары өз нәтижелерін көрсетіп жатыр.

Қазір еліміздегі ТМҚК пакеті жалпы медициналық көмектің кең спектрін қамтып отыр. Аталған ТМҚК пакетіне бізде кезек күттірмейтін шұғыл медициналық көмектен тартып, қымбат жоғары технологиялық операцияларға дейін кіреді. Оның үстіне бұл жағынан Қазақстан көптеген елдің алдында тұр. Бұл шын мәнінде мемлекет әлеуметтік статусын толық мойындай отырып, түрлі саланы әлеуметтік игілікке бейімдей түскенін көрсетеді. Азаматтардың денсаулығы үшін жасалған мұндай мемлекеттік қамқорлықтың маңызы зор. Денсаулық сақтау саласындағы бүгінгі жағымды өзгерістер мемлекет пен халықты «Әділетті Қазақстан» сынды ортақ мақсатқа жұмылдыруға үлкен септігін тигізеді.

Балауса ЕРКІНҚЫЗЫ,
Алматы қаласының тұрғыны:

Шынайы ризашылығымды білдіремін

Бүгінгі таңда Қазақстанда мемлекеттік бағдарламалар аясында тегін медициналық көмек алу мүмкіндігі әрбір азаматқа қолжетімді. Оған өзім куәмін. Ұзақ уақыт бойы денсаулығымға байланысты қиындықтарға тап болып, білікті дәрігерлердің көмегіне мұқтаж болғанымда, медициналық тексеру мен қажетті ем-шараларды тегін медициналық көмек бағдарламасы арқылы алдым. Мемлекет тарапынан осындай қолдаудың барына ризамын. Дәрігерлердің кәсібилігі мен мейірімділігіне тәнтімін. Мені тексеріп, емдеу шараларын толықтай тегін өткізгеніне алғысым шексіз. Денсаулығым жақсарған сайын, өмірге деген құлшынысым арта түсті.

БӘРЕКЕЛДІ!

Тоғыз жастағы баланың дерті көз алды қарауытып, басы айналып құлағаннан кейін басталған. Анасының айтуынша, тіркелген емханадағы учаскелік дәрігер оны бірден нейрохирургке жіберіпті. Көп ұзамай баланың жағдайы күрт нашарлап, әлсіздік, жүрек айну, құсу сынды белгілер пайда бола бастаған.

Аурухананың консультативтік-диагностикалық орталығы дәрігерлері науқастың басына компьютерлік томография жасап, көлемді ісікті анықтаған. Нейрохирургтар шұғыл түрде ота жасау үшін оны нейрохирургия бөлімшесіне жатқызу туралы шешім қабылдайды. Шұғыл шақырылған консилиум нәтижесінде «Ми діңінде көлемді өскін пайда болған, қан құйылған. Қайталанба, ішкі, өткір гидроцефалия. Бульбар синдромы. Атаксия. Сол жақ гемипарезі» деген диагноз қойылды.

Қазақ ұлттық онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты мамандары жасанды тыныстау аппаратымен тыныстап, ес-түссіз жатқан баланың ауыр жағдайын ескере отырып, химия немесе сәулелі терапия оң нәтиже бере қоймайды деген қорытынды жасаған. Оның үстіне, химия

«ЗЕРГЕРЛІК» ОТА

Біздің нейрохирургтар комаға түскен баланың өмірін сақтап қалды



терапия онсыз да әлсіз ағзаны әлсіретіп, ұлап тастауы мүмкін болатын. Балаға қандай ота жасалса да соңы немен аяқталары да белгісіз еді. Дегенмен, қол қусырып қа-

рап отыруға болмайтынын түсінген №2 ҚКБА мамандары ота жасауға бел буды.

«Науқастың ауыр халін, мидың діңі зақымданғанын ескере отырып, өсіп шық-

қан ісікті интраоперациялық нейромониторинг мен нейронавигацияны пайдалана отырып, микрохирургиялық тәсілмен алып тастау туралы күрделі шешім қабылданды. Отаның мақсаты – бульбар синдромын басып, миға түсіп тұрған қысымды төмендету. Асқан дәлдікті талап ететін аса күрделі операция МӘМС есебінен жасалды», – дейді №2 ҚКБА бас дәрігері Марат Рабандияров.

Аурухананың нейрохирургия бөлімшесі меңгерушісі Данияр Сәбденалиевтің сөзінше, 4,5 сағатқа созылған ота сәтті өтті. Оған нейрохирург А.Жайылғанов, анестезиолог А.Сейіткәрім, ассистент Р.Танқарова, медбике Б.Шагенова қатысты. Жалпы, балалар нейрохирургі Марат Рабандияров бастаған 20-дан астам дәрігер баланың өмірін сақтап қалуға барын сала күресті. Білікті мамандар қолдан келмейтін дүниені жасап, аса күрделі отаны зергерге тән дәлдікпен жасап шықты.

«Операциядан кейінгі кезең қалыпты жағдайда өтті. Комада жатқан бала аздап есін жаны бастады. 2-ші күні жасанды тыныстау аппаратынан ажыратылып, өз бетінше дем ала бастады. Жағдайы тұрақтанып, жақсара бастағаннан кейін науқас ауруханадан шығарылды. Ары қарай ол Педиатрия және балалар хирургиясы ұлттық орталығында жатып, жоспарлы түрде химия терапия қабылдайды», – дейді бас дәрігер.

Әзірлегендер
Нұржамал ӘЛПШ,
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ



ЖОЛ КАРТАСЫ

ОЗЫҚ ЕЛДЕРДІҢ
ОРТАҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Алматы қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының 75 үздік жетекшісі мен әдіскері Сингапур, Ұлыбритания, Қытай, Малайзия, Польша және Германияның алдыңғы қатарлы елдерінде тағылымдамадан өтіп қайтты. Мұндай игі істің шаһар басшысы Ерболат Досаевтың тапсырмасымен, «Алматы қаласын дамыту бағдарламасы мен 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективадағы» Жол картасы аясында жүзеге асқанын айта кетейік.

Тағылымдама барысында қатысушылар шет елдердің мектепке дейінгі білім беру ерекшеліктерімен танысып, балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи және дәстүрлі әдістерін, технологияларын, сондай-ақ маман даярлау және мектепке дейінгі білім сапасын арттыру мәселелерін жан-жақты зерттеді. Арнайы жобаның басты мақсаты – біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасына тек өз еліміздің ғана емес, шетелдік мектепке дейінгі білім беру саласының сарапшыларын да тартып, бірлесе жұмыс істеуді көздеп отыр.

КЕРЕК ДЕРЕК

Мектепке дейінгі ұйым мамандарының біліктілігін арттыру жобасы 2023 жылы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен басталып, бытыр 2745 балабақша педагогын қамтыған еді. Аталмыш бағдарлама педагогтардың кәсіби дағдысын дамыту арқылы білім беру жүйесін жаңғыртуға бағыттала, бұл қаланың мектепке дейінгі білім сапасын арттырып, балалардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

ТАЛБЕСІК

Бала тілін дамытудың
басты құралы

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ұлттық рухта қанаттандырудың бір тәсілі – әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу. Бұл қазіргі заманауи білім беру барысында педагогтардың алдында тұрған басты міндеттің біріне айналып отыр.

Ертегі, әңгіме, өлең-тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай-ақ мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқу, әсерлер айту дегеніңіз олардың сөздік қорын байытып қана қоймай, ақыл-ойының толысып, жетілуіне әсерін тигізеді. Жалпы, ауыз әдебиеті ертен-ақ бала біткеннің әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалын тигізеді. Танымал қаламгерлердің дені естеліктерінде өз ұлтын, өз жерін сүйіп, қадірлеуіне ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің тигізген әсерінің зор екенін жазады. Осы ретте «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» көтеріп отырған жүгінің зор екенін айта кеткен жөн. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында №74 бөбекжай-балабақшасында «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» атты бүлдіршіндер мен ата-аналар арасындағы іс-шара өткізу үрдіске айналған.

Бұл жөнінде №74 бөбекжай-балабақша меңгерушісі Ж.Баткалова: «Бала тәрбиесі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мақсат-мүддесі біреу, ол – болашақ ұрпақ тәрбиесі. Болашақтың нұрлы болуына қазірден бастап еңбек етуіміз керек», – десе, әдіскері А.Бакыт: «Ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал-мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаштар бала тілін дамытуда шешуші орын алады, осы арқылы балалардың тілін дамыта аламыз, – дейді.

Қорыта айтқанда, балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлей білуі үшін балабақшадағы тәрбиенің ықпалы зор.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Серік ҚАЛИЕВ,
№17 мектеп-интернат директоры:

«УАҚЫТ КӨШІНЕН ҚАЛМАУЫМЫЗ КЕРЕК»

Мақсатымыз – ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлін күшейтіп, қолдау көрсету



– Серік Беркінұлы, әңгіменізді өзіңіз басшылық етіп отырған мекеме мен жалпы білім беретін мектеп арасындағы айырмашылықтан бастасаныз...

– Әрине, отбасы мен мектеп-интернатының арасында айырмашылық жер мен көктей. Біздің бала күнімізде интернат десе, алыс ауылдан орталыққа келіп оқып жатқан балалар елестейтін еді ғой. Ол кезде мұндай интернатта тек малшылардың балалары ғана жататын еді. Бүгінгі интернаттың бағыты басқа. Дарынды балаларға арналған, әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына арналған, музыкант, спортшы балаларға арналған деп бөлінеді. Ең бастысы, мектеп-интернат бұл тек білім беру мекемесі ғана емес, сонымен қатар балаға тәрбие беретін де жауапты орын.

Жалпы білім беретін мектепте оқитын оқушылар сабақтан кейін үйлеріне қайтып, ата-анасының қадағалауында болады. Ал мұндағы, яғни интернатта тәрбиеленуші балалар апта бойы мұғалім мен тәрбиешінің қадағалауында болады. Сондықтан бүгінгі интернаттың жауапкершілігі өте зор. Бүгінгі күнгі интернат демекші, әлгіде айтып өткен сіз бен біз көрген интернаттардан көп өзгерген. Қазіргі таңда интернатта тұрып жатқан баланың толыққанды дамуы үшін барлық жағдай жасалған. Баланың жан-жақты өсіп қалыптасуы үшін түрлі үйірмелер, спорттық секциялар, психологиялық қолдау көрсететін қызмет түрлері көрсетіліп, мазмұнды тәрбие сағаттары өтеді. Интернатта оқушылар 5 мезгіл тамақтанады. Сонымен қатар, медициналық қызмет көрсетіледі. Баланың салауатты өмір сүруі үшін спорттық алаңдар, тынығу аймақтары қарастырылған.

– Интернатқа алғаш келген баланың бөтен ортаға бейімделуі қалай? Отбасылық ортадан кейін, қоғамдық ортаға бірден үйреніп кету сіз, оңай емес шығар...

– Әрине, жасөспірім баланың бөтен орта-

ға үйреніп кетуі оңайға соқпайды. Оның үстіне, бұл кез баланың мінез-құлқының да ерекше өзгеретін кезі ғой. Сондықтан оқушылардың алғаш рет интернатқа келген кездегі бейімделу кезеңі бізге де оңайға түспейді. Интернат үшін де, ата-ана үшін де өте маңызды әрі жауапты кезең. Бұл, әрине, түсінікті. Өйткені, балалардың көбісі ата-анасының жанынан алысқа ұзап көрмеген. Үйін, өскен ортасын қимайды. Сондықтан балалар жақындарын сағынып, үйіне қайтқысы келетінін жиі айтып жатады. Ал үйреніп алған соң, интернатты қимай, кейде тіпті мектеп бітірген соң да, сағынамыз деп жатады.

Жалпы, интернаттың күн тәртібі үй жағдайынан өзгешелігімен ерекшеленеді. Мұнда үйдегі еркелік, еркіндік бола бермейді. Жаңа ортаға әбден үйреніп кеткенше балалармен біраз жұмыс істеуге тура келеді. Сондықтан біз оларға барыпша қолдау көрсетеміз. Ең бастысы, психологиялық қолдау. Ол үшін балаларды түрлі үйірмелерге тартамыз. Олардың бірі әнші, бірі күйші, енді бірі суретші. Тек бұлақтың көзін ашып, талантты тани білу керек. Тіпті, талай бала жасырын өлең жазып танымал ақынға айналды. Интернат қабырғасында жүріп-ақ алғашқы жыр жинақтарын шығарғандар да болды. Жалпы, осы салада ұзақ жыл еңбек ете жүріп түйгенім – интернаттағы баламен жайлы атмосфера қалыптастыра отырып, топтық жұмыстар ұйымдастыру арқылы тез тіл тауып, түсінісуге болады екен.

– Интернат пен ата-ананың арасындағы байланыс қалай? Күрделі тұстары бар ма?

– Әрине, бүгінде бала тәрбиесі қоғамдағы ортақ мәселеге айналып отыр. Шыны керек, кейде бала тәрбиесін мектепке артып қойып жатамыз. «Тәрбие – тал бесіктен» демекші, тәрбиені тек мектеп қабырғасында ғана қалыптастыра алмаймыз. Тәрбие мәселесінен ата-ана тыс қалмай, бұл процестің ажырамас бөлігіне айналуы керек. Сондықтан біз мектеп пен ата-ана арасында тығыз байланыс орнатып, ерекше назарда ұстап отырамыз. Осы ретте бала тәрбиесіндегі ата-аналар ынтымақтастығының негізгі проблемаларының да бар екенін айтқым келеді.

Мұндағы ең басты мәселе – ата-ана белсенділігінің төмендігі. Кейбір ата-аналар тіпті айлап емес, жылдап мектепке келуге уақыт таппай жатады. Кейде отбасылық тәрбие мен мектептің арасында құндылықтар мен талаптардың бірдей болмауы да өз әсерін тигізіп, түсініспеушіліктерді тудыруы мүмкін. Сосын, кейбір ата-аналар баланың

тәртібіне жеткілікті көңіл бөлмейді. Көбіне уақыттың тапшылығын алға тартады. Көптеген ата-аналар жұмысбасты болып, бала тәрбиесіне уақыт бөлмей, соңында түрлі қиындықтарға тап болады. Әсіресе, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілік пен мұғаліммен жеткіліксіз қарым-қатынас ынтымақтастықтың әлсіреуіне әкеліп соғады. Тағы бір басты мәселе – бұл ата-ананың заманауи технологияларға бейімделе алмауы. Осыдан кейін кейбір ата-аналар электронды платформалар арқылы да мектеп пен байланыс жасай алмай жатады.

– Осы бағытта қандай жұмыстар қолға алдыңдар?

– Қазіргі уақыт көшінен қалмауымыз керек. Сол үшін ашық қарым-қатынас орната отырып, ата-аналарды мектептің тәрбие жұмысына тарту арқылы бала тәрбиесіндегі олардың үлесін күшейтіп жатырмыз. Ата-аналармен тұрақты қарым-қатынас жасап, олардың ұсыныс-пікірлерін тындап, ортақ мәселелерді бірге шешеміз. «Ашық есік» күндерін өткізіп, ата-аналарға интернаттың ішкі жұмысымен танысуына мүмкіндік бердік. Осылайша бірлескен іс-шаралардың арқасында мектепте мерекелер, спорттық жарыстар, ата-аналар жиналысы, тәрбие сағаттары, тренингтер өткізіп жатырмыз. Қазіргі таңда психологиялық және медициналық қолдау көрсету қызметінің жұмысы да жүйелі жолға қойылған. Осынау шаралардың басты мақсаты – қайтсек ата-аналардың тәрбиелік әлеуетін арттырамыз деген ойдан туындындап отыр.

Біз ата-аналарға үнемі «Біз сіздің серік-тестіктеріңізбіз. Бала тәрбиесінде жетістіктерге тек өзара сеніммен қолдау арқылы қол жеткіземіз» деп айтамыз. Қазір бұл біздің қатаң қағидамызға айналды.

– «Тәрбие – тал бесіктен» деген клубты көзім шалды...

– Иә, интернатымызда «Тәрбие – тал бесіктен» деп аталатын әкелер клубы құрылған, аяқ алысы жаман емес. Жұмысы жүйелі жүріп жатыр. Бұл негізінен мектеп-интернаттың ата-аналармен байланысы мен тәрбиелік жұмыстарды нығайтуға арналған маңызды қадамдарымыздың бірі.

Клубты құрғандағы мақсатымыз – ата-аналардың белсенділігін арттырып, бала тәрбиесіндегі рөлін күшейту, психологиялық әлеуметтік дамуына қолдау көрсету болып отыр.

Клубта апта сайын, кейде ай сайын әкелер отырысы өтіп, тәрбие мәселесі сөз болады. Сосын бала тәрбиесіне қатысты тәжірибе алмасамыз. Клуб мүшелерімен әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру мәселелерін де талқылаймыз. Әрбір жүргізіп отырған жұмыстарымыздың нәтижесін талдаймыз. Ең бастысы, клуб ата-аналармен кері байланыс орнатып, бала тәрбиесінің дамуына оң ықпал етуге көмектеседі.

– «Біртұтас тәрбие» ұлттық тәрбиесі аясында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде де айтсаңыз...

– Мектеп-интернатта жүргізіліп жатқан барлық тәрбие жұмыстары оқушыларды «Біртұтас тәрбие» аясында қалыптастыруға негізделген. Өйткені, біз олардың жан-жақты дамуына жағдай жасауымыз керек. Біз әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды ертеңгі ел азаматы, тұлға етіп қалыптастырсақ дейміз. Жас ұрпақты қоғамға бейімделген жауапкершілігі мол ізгі ниетті азамат ретінде тәрбиелеу үшін еңбек етіп жатырмыз.

Бетгі әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.





БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

Осыдан 80 жыл бұрын, қаңтардың дәл 18-і күні белгілі жазушы, қоғам қайраткері және қазақтың ұлттық дәстүрлерін насихаттаушы Зейнеп Ахметова дүниеге келген еді. Соғыстан кейін өмірге келген ұрпақтың дені есті, елін ойлайтын кең жүректі болып келсе, қасиет қонған ұрпақтың бірегейі – Зейнеп Ахметова да қазақтың маңдайының бағына айналды. Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрін, отбасылық құндылықтарын түгендеп, сөз маржанын теріп, әлі күнге осы жолмен келеді.



(Суреттің авторы: Д. Қараманов)

Зейнеп АХМЕТОВА: ТЕКТІЛІК – АНА СҮТІНІҢ УЫЗЫНАН ДАРИДЫ

Қазақ келіндерінің эталоны

Көзіқарақты оқырман Зейнеп Ахметованың қаламынан төгілген әрбір дүниені теңізден маржан тергендей, іздеп жүріп, зор ыждағатпен оқиды. Өйткені, оның еңбектерінде, сұхбаттарында ананың, келіннің рөлі, қыз тәрбиесіне қатысты ғибратты сөздерді кеңінен қамтиды. Ол даңқты қолбасшы, батыр Бауыржан Момышұлына келін, жазушы Бақытжан Момышұлына адал жар болды. Қазіргі таңда батырдың табанының ізі қалған, халқының есі мен сесі болған Момышұлы әулетінің шамын жағып, түтінін түтетіп отыр. Қазақ келіндерінің эталонына айналған Зейнеп Ахметова қыз-келіншектердің ұлттық тәрбие мектебін қалыптастырды.

Бір өзі бір мектепке айналған ұлт анасының «Шуақты күндер» атты еңбегі оқырман жүрегіне жол тауып, ыстық ықыласына бөленсе, оның жалғасы ретінде «Бабалар аманаты» кітабы жарық көрді. Осынау көлемі ғана емес, ішіндегі мағынасымен де терең кітап әрбір шаңырақтың төрін табылып жатса, шаңырағыңызға құт қонары сөзсіз. Автордың ұзақ жылдар жүргізген күнделігінің негізінде жазылған бұл кітаптағы әңгіме арқауы Батыр атаның баяндауында ұсынылады. Зейнеп Ахметова өзінің «Шуақты күндер» атты кітабында Бауыржан Момышұлының соғыстан кейінгі өмірі туралы естеліктерімен бөліседі.

Сонымен қатар, ол қазіргі заманғы қазақ тойларында дәстүрлерден ауытқып жатқан кейбір әдеттерді сынап, қоғамға тәрбиелік мәні бар маңызды ойлар айтады. Мысалы, келінді төрге отырғызу, беташарда ұлттық киімнің орнына заманауи жалаңаш көйлектер кию сияқты әрекеттердің ұлттық мәдениетке жат екенін атап өтеді.

Біз бүгін қалың оқырманымызға алаштың айымы, айтары бар Зейнеп апаның қаламынан туған зерделі дүниелерін ұсынып отырмыз.

«Анасыз ұрпақ болмайды, адамзат өсіп-өнбейді»

Иә, алып та, ақын да, батыр да, данышпан да анандан туады. «Ананың алдында асқар тау да аласа», «Ананды Меккеге үш қайтара көтеріп апарсаң да, ақ сүтін ақтай алмайсың» дейді халық даналығы. Әлем ананы мадақтап, ананы жырлап келе жатыр. Жер бетінде адамзат барда бұл солай жалғаса береді. Ана жайлы күні-түні сөйлеуге болады, сонда да теңізге тамған тамшыдай көрінер еді. Оны өздерің де жақсы білесіңдер. Бұрын қазақтың қара домалақ балалары екі-үшке келгенше ойнап жүріп, арасында жүгіріп келіп шешесінің омырауын еміп кететін.

Қазір келіндердің сүті екі-үш айда-ақ тартылады. Неге екенін айтайын ба? Өйткені, қазір қыз кезінен көлік мінеді. Бойындағы

әйелдік қасиетінің барлығын темір сорып қояды. Сол үшін де өздіктерінен босана алмайды. Ылғи кесіп алады. Кесіп алғаннан кейін екі-үш айдан кейін сүт тартылады. Ары қарай жасанды сүт ішеді. Егер осыларды шындап қолға алатын болсақ, ұлт тазарар еді.

Ана уызында жеті атаның тектік қасиеті болады

Мына бір қызықты қараңызшы. Неше түрлі ғажайып дүниелерді жасап, айға да ұшып жатқан адамзат ананың уызы мен сүтінің құрамын әлі тапқан жоқ. Соған ұқсастырып жасайды, бірақ ол ана сүтіндей болмайды. Бұл да Құдайдың күдіреті ғой. Сол ананың сүтінде, әсіресе, екі-үш күндік уызда бүкіл жеті атаның тектік қасиеті болады екен. Баршаға белгілі, Кеңес өкіметінің кезінде перзентханада баланы екі-үш күн әкелмейтін. Есесіне, «балаға береміз» деп аналардың сүтін ыдысқа сауғызып алып әкететін. Соны кейін ақыл-есім бүтінделген кезде ойлаймын ғой. Оны сол уақытта перзентхананың ережесі деп ойлаппыз. Неге баланы тікелей еміздірмеді? Не үшін ыдысқа сауғызып әкетті? Оны менің балама берді ме? Жоқ, әлде ауысып кетті ме?..

Кейде баламның мінезінен әулетінде жоқ мінез-құлықты байқағанда: «ойпырмай, осының кіндік шешесі кім болды екен?» деп ойлаймын. Бірақ Иванова ма, Петрова ма, есіме түсіре алмаймын.

Ененің мектебінен өтпеген келін – келін емес!

Бір әулеттің бірлігі, ынтымағы, бақытты өмір сүруі, ұрпағының әдемі өсуі ене мен келінге байланысты. Мен ылғи да айтамын: «Кез келген әйел ене бола алады, бірақ ана болу екінің бірінің қолынан келмейді». Келінді келген адам ретінде емес, ендігі жерде сол әулеттің ұрпағын өсіретін тұлға, өзінің өкшебасары ретінде қараса, бәрі дұрыс болады. Келінін жамандайтын енелерге: «Сенің не еңбегің сіңді? Оны туған жоқсың, түн ұйқыңды төрт бөлмедің, ақ сүтінді бермедің, оқытадың, тәрбиелемедің, дапдайын күйінде қолыңа ұстата салды. Бір адамды – бір әлем дейтін болсақ, дайын бір әлемге еге бола алмасаң, кімсің?!», – деймін.

Ал шынында, ол келін анасынан тәрбие алмаған, уызына жарымаған бала болса, онда ол ененің соры. Тәрбиелеп болам дегенше, шашы ағарады. Келіндерге: «Сүйіп қосылсаң, жастыққа басың бірге түскен жігітті өмірге келтіріп, азамат етіп, асырап, баққан әйелді осы үшін қадірлеуің керек!», – деймін. Бұл – менің қарапайым ғана ережелерім. Бөлісе алмай жатқан ешнәрсесі жоқ. Ененің мектебінен өтпеген келін – келін емес.

Қазіргі ә дегеннен еншісін алғысы келіп, бөлек тұрғысы келетін келіндер осының

олқылығын ертеңгі күні өзінің бала-шағасы үй болғанда көресіні көреді. Сондықтан айналып кетейін келіндерге айтарым, қиын болсын, жеңіл болсын, қалай болғанда да, енелердің мектебінен өту керек! Шынында да, енесінің орнын басатын, соның өмірін жалғастыратын келін ғой. Бірақ та ененің мектебінен өтпеген келін – келін емес!

Баланы бастан сипамаған...

Ер-азаматтар қол алысып амандасушы еді. Сағынысып көріскенде құшақ аяқастырып қауышатын. Міне, осыларды «еркекше сәлемдесу» дейді. Ал әйелдер өзара құшақтасып, сүйісіп амандаса беретін. Қариялар өзінің баласындай, немересіндей жастарды жақсы көріп, еміренгенде құшағына қысып, арқасынан қағатын. Осы жерде бір нәрсеге тоқтала кетейін.

Бұрын қазақтар ер баланы еркелеткенде басынан сипамаған. Арқасынан қаққан. «Басынан сипау ұл баланы аяп, мүсіркеу сезімдерін туғызады, төмен қарап жүретін жасық болып қалады» деп түсінген. Ата-ана, ел-жұртына қорған болатын, шаңыраққа ие болатын ұлдың көзін жерден алмайтын жігерсіз, есіркеуді тілеп тұратын ынжық болғанын қаламаған. Ал арқасынан қаққанда ер бала батылданады, жігерленеді, енесін тік ұстап, тура қарауға дағдыланады. Неге болса да тайсалмай қарайтын қайратты, батыл болып ержетсін деп ұлды арқадан қағыпты.

Ал қыздарды керісінше басынан сипаған. Қыз – жатжұрттық, қыздың бағы – үйде емес, түзде. Қыз басқа босағаны аттап, өзге үйдің отын жағады, ұрпағын өсіреді. Қызды «кететін бала ғой» деп еркелетеді. «Алдыңда не күтіп тұр екен, тағдыр-талайы қалай болады» деп басынан сипап аялаған. Қыз баланы басынан сипағанда басы еріксіз еңіс тартады, көз жанары төмен түсіп, жасырынады. Кісі бетіне бажырайып қарамайтын әдетке үйреніп, қызға лайық биязы мінез қалыптасады. Арқадан қағу мен бастан сипаудың осындай талғамды астары, тәрбиелік мәні бар екен. Ал енді әжелер мен апалар жасы кіші жақындарын жақсы көргенде ұл болсын, қыз болсын, оларды құшақтап, маңдайынан не қолынан сүйеді. Қазір де ел ішінде жиі болмағанымен бұл әдет сақталып келеді.

Жас балалардың маңдайынан иіскеп, не сүйіп: «Үлкен азамат бол!», «Бақытты бол!», «Өркенің өссін!», «Өмір жасың ұзақ болсын!», – деп тілектерін қоса айтып жатады. Тегінде қазақ жас баланы, әсіресе, кішкентай сәбиді бетінен сүймейтін, қызығып қарамайтын, танданып сұқтанбайды.

РУХАНИЯТ

МҰРАЖАЙ МҰРАҒАТПЕН ТОЛЫҚТЫ

«Анаға құрмет» мұражайында Қазақстанның Халық әртісі Роза Рымбаеваға арнайы бұрыш ашылды. Соңғы жылдары қаламызда танымал тұлғалардың өмірі мен өнеріне тұтас бір мұражай болып ашылмаса да, дәл осындай бұрыштар ашу үрдіске айналып отыр. Жалпы, бұл өркениетті елдерге тән үрдіс.



Сонымен, қазақ өнерінің мақтанышы, сахна саңлағы Роза Қуанышқызы мұражай қорына өзінің бірнеше құнды заттарын зор ықыласпен ресми түрде табыстады. Арнайы ашылған бұрышта әншінің сахналық костюмдері, сахналық аяқкиімдері, өнер сайыстарында қол жеткізген марапаттары, афишалары, әр жылдары түскен фотосуреттері мен шетелдік сапарларынан ала келген кәдесыйлары қойылды. Мұнда қойылған әрбір жәдігер өзінше «сөйлеп» тұрғандай.

Мәселен, мынау қызыл көйлекке көз салсаңыз, бұрыштан Роза Рымбаеваның өзі шыға келетіндей әсер аласыз. Өйткені, бұл көрермен көзіне сондай ыстық әрі раушан гүлдермен көмкерілген концерттік көйлек Розаға да қатты ұнайды екен. Жалпы, көрсетіліп отырған осынау құрмет Розаның өнеріне ғана емес, еңбекқорлығы мен жұлдызды жолының бір көрінісі іспетті.

– Мен ерекше толқып тұрмын. Өйткені, мұражайдың «Анаға құрмет» деп аталуының өзі құлаққа сондай ыстық естіледі екен. Бұл бүкіл аналарымызға, соның ішінде менің де анама деген құрмет деп қабылдадым. Осындай орындарға жастарымыз, балаларымыз жиі-жиі бас сұқса, бұл да бір тәрбие мектебі болар еді, – деді Роза Рымбаева.

Мұражай көрермендері танымал өнер иесінің шығармашылығы мен алдағы жоспарларына да қызығушылық танытып жатты. Сүйікті тыңдармандарымен мұражай төрінде қауышқан әнші сауалдарын жауапсыз қалдырмай, әуезді әнін тарту етті.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – МАМАНДЫ ҚУАНТУ

Алматыда жаңа кәсіптер мен стартап мәдениеті қарқынды дамып келеді

Алматы – Қазақстанның ең ірі мегаполисі және экономикалық орталығы. Алып шаһарымызда 2025 жылғы кемінде 76 мың жұмыс орнын, оның ішінде 67,5 мың тұрақты жұмыс орнын құру жоспарлануда. Қаламызда еңбек нарығының динамикасы ерекше, жастар арасында жұмыссыздық мәселесі, жаңа кәсіптердің пайда болуы және стартап мәдениетінің дамуы қала өмірінің маңызды аспектілері саналады. Сонымен қатар, экономикалық өсімнің қала тұрғындарына әсері де қоғам назарын аударып отыр. Бұл мақалада осы мәселелерге талдау жасаймыз.



Алматы – Қазақстан экономикасының жүрегі. Мұнда елдегі ең ірі банктер, халықаралық компаниялар және бизнес-орталықтар шоғырланған. Қаланың ЖІӨ-нің жоғары көрсеткіштері экономикалық өсімнің тұрақтылығын көрсеткенімен бұл өсімнің тұрғындарға әсері әртүрлі. Экономикалық өсімнің позитивті әсерлеріне тоқталып өтейік. Жаңа жұмыс орындарының пайда болуы маңызды. Соның салдарынан, қызмет көрсету, сауда, өндіріс және IT салаларындағы жұмыс орындарының саны артты. Жалақы деңгейінің өсуі байқалуда. Алматыда ел бойынша ең жоғары орташа жалақы тіркелген. Шағын және орта бизнеске арналған бағдарламалар арқылы көптеген жаңа кәсіпорындар ашылды.

Еңбек нарығының болашағы

Алматының еңбек нарығы динамикалық өзгерістерге ұшырап жатыр. Урбанизацияның өсуі, жаңа технологиялардың енгізілуі және экономикалық реформалар қала өміріне үлкен өзгерістер әкелуде. IT және автоматтандыру еңбек нарығында жаңа жұмыс орындарын ашады, бірақ кейбір дәстүрлі салалар қысқаруы мүмкін. Алматы туризм, сауда және ойын-сауық индустриясында жаңа мүмкіндіктер ұсынатын орталыққа айналуы мүмкін. Білім беру мен кәсіби даярлық бағдарламаларын дамыту арқылы жастардың еңбек нарығына бейімделуі оңайлайды. Еңбек нарығының өзгеруіне бейімделу үшін үздіксіз білім беру жүйесін құру. Жаңа кәсіптерді дамыту үшін креативті индустриялар мен инновацияларды қолдау. Әлеуметтік теңдікке басымдық беру арқылы экономикалық өсімнің барлық тұрғындарға пайда әкелуін қамтамасыз ету.

ТҮЙІН:

Алматының еңбек нарығы – қала дамуының айнасы. Жастар арасындағы жұмыссыздық, жаңа кәсіптердің пайда болуы және экономикалық өсім сияқты мәселелер тек қала тұрғындарына ғана емес, бүкіл елге әсер ететін маңызды факторлар болып табылады. Бұл мәселелерді шешу үшін жүйелі реформалар, мемлекеттік қолдау және қоғамның белсенділігі қажет. Алматының болашағы – оның еңбек нарығын дұрыс басқаруға және әрбір азаматтың әлеуетін ашуға бағытталған қадамдарға байланысты.

«БАБАЛАР АМАНАТЫ»



«ӨМІР – ӨНЕР, ӨНЕР – ӨЛШЕМ...»

Мегаполис мұғалімдері мектептен тыс уақытта да белсенді

Алматы қаласы Білім басқармасына қарасты Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының бастамасымен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің арасында өңірлік кәсіби «Бабалар аманаты» байқауы өтті.

Байқаудың мақсаты – атаулы күндерді және мерейтой иелерінің мұраларын насихаттау, тарихқа құрметпен қарап, бабалар тағылымын дәріптеу. Аталмыш байқаудың тақырыптары да ерекше болды. Мәселен, Махмұд Қашқаридің 995 жылдығына арналған сайыс «Шешендік өнер» деп аталса, Қасым ханның 580 жылдығын қамтыған айтыс номинациясына «Айтсын деп ақиқатты тіл берілген» деп айдар тағылды. Байқаудың Тұрар Рысқұловтың 130 жылдығын арқау еткен әдеби бөлімі «Бір шығарма ізімен» деп аталса, Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдығын қаузаған номинация /«Өмір – өнер, өнер – өлшем...» деген айдармен өрілді. Ал «Ақынның қаламы – адалдық алаңы» сайысы Тұманбай Молдағалиевтің 90 жылдығына бағышталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы тарихымызға қатысты атаулы даталар мен белгілі тұлғаларымыздың мерейтойларын жоғары деңгейде атап өту ұлттық бірегейлікті нығайту жолындағы маңызды қадам екенін үнемі айтып келеді. Иә, соңына қалдырған ізі ешқашан жоғалмайтын, аты да мәңгілік болып қалуға тиіс тарихи тұлғалар ұлт руханияты мен мәдениетінің алтын арқауы болатыны сөзсіз.

Мың сан шәкіртке білім беріп жүрген мұғалімдер арасында өткізген «Бабалар аманаты» байқауымыз ойдағыдай өтті. Ұстаздар да өздерін басқа қырынан көрсетті. Бұл байқауды алдағы уақытта Оқу-ағарту министрлігінің тізбесіне енгізуді көздеп отырмыз, – дейді сайысты ұйымдастырушы, Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының қазақ тілі пәнінің әдіскері Қаламқас Шақретова. Байқау жеңімпаздары «ALATAU» оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында марапатталды. Өріптестерін жарқын жеңістерімен құттықтаған Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының директоры Дәурен Сағынғалиев биік белестер тілеп, Алматы қаласы Білім басқармасының I, II, III дәрежелі дипломдарын ұсынып, естелік статуеткамен қуантты.

Байқауға Алматы қаласының 8 ауданынан 38 мұғалім, іргеміздегі Алматы облысынан 4 ұстаз қатысты. Сонымен, «Ақынның қаламы – адалдық алаңы» номинациясының I-орнын №201 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Меруерт Үсенқызы, «Айтсын деп ақиқатты тіл берілген» ақындар айтысының I-орнын №140 гимназияның мұғалімі Алтынбек Ибрагимов пен №8 орта мектептің (Алматы облысынан) ұстазы Назгүл Кәрімова иеленді. «Бір шығарма ізімен» әдеби сайысының бірінші жүлдесі №109 жалпы білім беретін мектептің мұғалімі Ақбөпе Жамбаубайқызына, «Шешендік өнер» №82 жалпы білім беретін мектептің ұстазы Айдана Панға бұйырды. Ал «Өмір – өнер, өнер – өлшем...» номинациясының I-орнын №198 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қарлығаш Атайбекова иеленіп, мерейі үстем болды.

Нұржамал ӘЛШІ.

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ» ЖЫЛЫ

ЖАҢА ЖОБА АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысының арнайы тапсырмасына орай, ҚазБСҚА құрылыс колледжінде бірегей білім беру жобасы ашылды. «Bakarassov концерні» ЖШС және ТМ «KAIZER.» инновациялық лак-бояу өнімдерін шығаратын неміс зауытымен бірлескен жобаның ашылуына қалалық Мәслихат депутаты Елена Бакарасова мұрындық болды.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың ағымдағы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауы бізге үлкен серпін беріп, зор жауапкершілік жүктеп отыр. Біз енді еліміздегі құрылыс мамандарын даярлайтын ең алдыңғы оқу ордасымен бірлесе еңбек ететін болдық. Мемлекет басшысы «Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе.

Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялағандықтан, осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ, біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», – деген еді. Қазір біз өз тарапымыздан осы тапсырманы орындауға белсене кірісіп жатырмыз, – деді қалалық Мәслихат депутаты Елена Бакарасова.

Аталмыш жоба ҚазБСҚА колледжінің студенттері үшін премиум-материалдармен жұмыс істеуде таптырмас тәжірибе алаңына айналары сөзсіз. Бұл, ең алдымен, болашақ мамандардың кәсіби дамуы үшін маңызды қадам. Олар құрылыс саласындағы заманауи технологияларды игеріп қана қоймай, нақты нысандарда жұмыс істеуге де зор мүмкіндік алатын болады.

– Колледжімізде бес мамандық бойынша 600-ден астам студент білім алып жатыр. Жаңадан ашылып жатқан тәжірибе алаңы біздің студенттеріміздің сапалы білім алумен қатар, кәсіби маман болып шығуына кепілдік берері сөзсіз. Студенттер мұнда үш тәсілді игереді. Олар теориялық білім, шеберлік сыныптары мен тәжірибе алмасады. Сондай-ақ, біздің серіктесіміз KAIZER қажетті материалдармен қамтамасыз етіп отыр. Тәжірибе алаңында студенттеріміз әрлеу, левкастау, бояу сияқты құрылыс жұмыстарына машықтанады. Халықаралық стандартпен жұмыс жасайтындықтан аталмыш зауыт мамандары шеберлік сабақтарын өткізіп, қосымша дәріс беретін болады, – дейді колледж басшысы Ерасыл Мамырбеков.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



(Дереккөз: ivan_art_group).



ЖОБА

CENTRAL ASIAN DREAM

жас зерттеушілер жаңа бастаманы қолға алды

Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейінгі тарихи кеңістікте Орталық Азия біртұтас геосаяси аймақ ретінде қарастырылды. Қазірге дейін де аймақ елдері өз тәуелсіздігін бекіте түсуге барынша күш салып келді. Тәуелділіктен барынша сақтануға деген құлшыныстың күштілігі соншалық, аймақ елдері өзара жақындауға да белгілі деңгейде сақтықпен қарағаны рас. Алайда, соңғы кезде жағдай мүлде өзгеріп, қазіргі құбылмалы жаһандық геосаяси жағдай тағдырлас әрі тамырлас елдердің ішкі интеграцияны дамытуға ортақ құлшынысын оятты.

Орталық Азияның ортақ мұраты қандай? Міне, осы сауалдар өзекті бола түсті. Заманның алға қойған бұл сұрақтарға қазір еліміздегі және аймақтағы зерттеуші мамандар, аймақтанушылар жауап іздеу үстінде. Айталық, Әл-Фараби

атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Аймақтық қатынастарды талдау» ғылыми-зерттеу орталығының жас зерттеушілерінің бастамасымен «CENTRAL ASIAN DREAM» жобасын қолға алуда.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Думан ЖЕКЕНОВ, аймақтанушы:

БІРЛІКТЕН АСҚАН МҰРАТ ЖОҚ

«Бір қолдың бес саусағындай Орталық Азиялық бес мемлекеттің бірліктен асқан мұраты жоқ. Жобаның мақсаты – Орталық Азия аймағында болып жатқан барлық оқиғаларға мүмкіндігінше сыни-сараптамалық талдау жасау, Орталық Азияның жетістіктерін, әлемдік өркениетке қосқан қазыналарын табу және насихаттау, сол арқылы Орталық Азияны тану. Тану арқылы бірлікке шақыру болып табылады.»

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

«GOLDEN DRAGON» электрлі автобустары

Шаһарымызда қоғамдық көлік жүйесін дамытуға, экологиялық жағдайды жақсартуға орай, қалалық автобустарды жаңарту жалғасуда.

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Қаламыздағы жеке автопарктердің бірі 18 қаңтарда бағытына бет алатын электрлі автобустардың партиясын сатып алды. «Golden Dragon» маркалы едені еністеу электрлі автобустары жайлы, әрі кондиционермен, бейнебақылау камерасымен, заманға сай жүйемен жабдықталған. Бұл автобустар №98 бағытта «Райымбек» метробекеті мен «Бай-Тал» тұрғын үй кешені аралығына қатынайды. Алматы қалалық Мобильділік басқармасы

басшысының орынбасары Бауыржан Құмарғазин қоғамдық көлікті дамыту жоспарларының нәтижесінде қаламызда жыл өткен сайын жолаушылар ағыны өсетінін, соған сай бүгінгі күні 1,6 млн. жуық сапар жасалатынына тоқталды.

Биыл Алматыда әкімдік пен жеке тасымалдаушылар 800 газ автобусы мен 260 электрлі автобус сатып алу жоспарлануда. Бұл автобустардың орташа пайдалану мерзімін 2 жылға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бауыржан ҚҰМАРҒАЗИН, қалалық Мобильділік басқармасы басшысының орынбасары:

Мақсат – қызмет сапасын арттыру

Алматы агломерациясы бойынша көліктік байланысты қамтамасыз етуде былтыр біз 20 жаңа қала маңындағы маршрутты ұйымдастырдық. Қаланың 2030 жылға дейінгі Көлік қаңқасының шеберлік-жоспарын іске асыру аясында көктемде Желтоқсан көшесі мен Райымбек даңғылының бойында екі BRT желісін салуға кірісеміз. Сондай-ақ, әкімдік қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған тасымалдаушыларды субсидиялаудың жаңа қағидасын әзірледі.

Данияр БАЙҒАБАТОВ, «City Bus» автобус паркінің директоры:

Жылжымалы құрам жаңарады

Көлік инфрақұрылымын жақсарту, жаңа технологияларды енгізу және тасымалдау саласындағы нақты ережелер бізге ұзақ мерзімді перспективада жоспарлауға, жылжымалы құрамды жаңартуға, кәсіби кадрларды тартуға мүмкіндік береді. Компания 14 электрлі автобус сатып алды. Алдағы уақытта тағы 60 электрлі автобусын сатып алуды жоспарлап отырмыз.

Әзірлеген Айнабай МӘДИ.

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ» ЖЫЛЫ

БІЗДІҢ ТҮЛЕКТЕР ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Қаламыздағы «Алматы сән және қызмет көрсету саласы колледжі» базасындағы «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу», «Шаштараз өнері», «Тамақтануды ұйымдастыру» мамандығына сұраныс жоғары. Колледж ұжымы осы бағыттар бойынша біліктіліктерін арттыру мақсатында халықаралық тағылымдамадан өтіп, оның қорытындысы мен нәтижесі негізінде бірнеше жобаларды ұсынып отыр.



Рая
ЕСКЕНДІР

– Биылғы жылды Мемлекет басшысы «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауы бізге үлкен серпін берді. Қала тұрғындары арасында жоғары сұранысқа ие болған мамандық мамандарын даярлаймыз. Дегенмен, біздің колледждегі кез келген мамандыққа нарықта сұраныс жоғары. Сондықтан оқу орнын бітірген түлектер жұмыссыз қалмайды. Шетелдік тағылымдама барысында біліктілігімізді шыңдап, біраз нәрсе үйреніп қайттық. Мәселен, «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» бағыты бойынша «Корсет бұйымдарының құрылысы және технологиясы» тақырыбында жоба әзірледік.

Біз қазір «Киім конструкторы» білім беру бағдарламасын өзектендіру бойынша жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Оқу-жұмыс бағдарламаларын да әзірледік. Тағы бір айта кетерлігі, оқу құралы итальян тілінен аударылды. Студенттерге корсет бұйымдарын

жобалау және дайындау бойынша жұмыстар жүргізіліп, әлеуметтік-серіктестік базасын кеңейту жағы да қарастырылып жатыр. Біздің ендігі мақсатымыз – халықаралық тәжірибелерді қолдана отырып, білім беру сапасын арттыру және студенттерді заманауи кәсіптік стандарттарға сәйкес даярлау бағытындағы жұмыстарды одан әрі дамыту, – дейді колледж басшысының орынбасары Күнімай Омарова.

Дәл қазір колледжде «Шаштараз өнері» мамандығы бойынша «Шашты ұзарту түрлері» жобасының стандартқа сәйкес бағдарламасы әзірленіп, әлеуметтік-серіктестік базасын кеңейту мәселесі қолға алынды. Сонымен қатар, «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша «Пайдалы тамақтану мен мектептегі тамақтануға қойылатын заманауи талаптар» атты 3 жоба ұсынылып, мектеп асханасында дайындалатын оқушы тамағы мен диеталық тамақ, түрлі ассортименттегі шоколад өнімдерін әзірлеу, әлеуметтік-серіктестермен ынтымақтастық бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

2025 жылы 21 қаңтарда, сағат 9.00-11.00-ге дейін Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 128 мекенжайдағы «Илияс Есенберлин атындағы №25 мектеп-гимназиясы» КММ-де Алмалы ауданының әкімі А.Н.Шамшиннің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық Мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, прокуратура қызметкерлері және аудандық басқарма өкілдері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimat_almaly, Telegram – almalyaudany, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден
18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/
aqshamy.official



www.facebook.com/
aqshamy.official



web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/
channel/
UCXzM2xrJCHx6Br1ggA



«Alatau Aqparat» медиахолдингі:

КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Бас редактордың жаңа орынбасарлары тағайындалды

Қос жетекші қалалық басылым – «Алматы ақшамы» мен «Вечерний Алматы» газеттерін біріктіріп, тұтастырып тұрған «Alatau Aqparat» медиахолдингі жаңа кадрлық тағайындауларды жариялап, Бас директор Ержан Қалымбайұлы ұжым алдында мәлім етті. Белгілі сарапшы, есімі оқырмандарымызға жақсы таныс Естай Божан «Алматы ақшамы» газеті Бас редакторының орынбасары лауазымына тағайындалды. Тәжірибелі журналист Асыл Сағымбеков «Вечерний Алматы» газетіне осындай қызметке білек сыбана кірісіп кетті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Республикалық басылымдарда еселі еңбек етіп, мол тәжірибе жинақтаған А.Сағымбеков – бесаспап журналист. Еңбек жолын 1995 жылы «Казахстанская правда» газетінде

бастап, түрлі БАҚ-та жауапты қызметтерді атқара білген ол әр кезеңде «Литер», «Казахстанская правда» газеттерінің Бас редакторы,

«Егемен Қазақстан» ЖШС-нің Алматыдағы тілшілер қосынын (кеңсесін) басқарды. Бір қызығы, Асекене, Асыл Ұланұлына «Вечер-

ка» бейтаныс емес, осыдан жеті-сегіз жыл мұғдарында бұл қызметті атқарғаны бар. Қайта оралған қарымды қаламдасымызға «Оң болсын!» айтамыз.

– Осыдан бірсыпыра уақыт бұрын да «Вечерний Алматыда» қызмет еткенмін. Бұл басылымның мегаполис тұрғындарына қаниалықты маңызды екенін жақсы білемін. Қайта орала келе, ойдағы орындалмаған шығармашылық мақсаттарды іске асырудың кезеңі келіп, сәті тугандай. Газеттің танымалдығы мен оның дамуына үлесімді қоса алатыныма қуаныштымын», – делі Асыл Ұланұлы.

Ал «Мың жасаған шаһардың шамшырағы» – «Алматы ақшамы» газеті Бас редакторының орынбасары болып журналист, геосаясат бойынша сарапшы Естай Божан тағайындалды.

«Дәстүрлі медиадағы бұл қызмет үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ұжымымыз қазір үлкен белеске қарай ұмтылып, жаңа бағыттарды игеру мақсатын қойып отыр. Әріптестерімнің қолдауына, ұжымның сеніміне алғысымды айта отырып, өрелі оқырманға қызмет етуге бар күшімді саламын», – дейді Естай Божан.

«Alatau Aqparat» медиахолдингі мұндай кәсіби мамандардың тағайындалуы егіз қозыдай қос басылымның медиа-нарықтағы орнын нығайтып, оқырмандарға сапалы контент ұсынуға мүмкіндік беретініне бек сенімді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘУЕСҚОЙ ӘЛЕМ

ҰШАҚ АУЛАУ

ең заманауи әрі қызықты хобби

Әлемде хоббидің түрі көп. Әркім өмірін қызықты ету үшін өзі қызығатын істі жиі шұғылданатын әуесқойлыққа айналдырып жатады. Ерекше әрі көпшілікке беймәлім хобби сізге де қызық болса, материалымызды оқи отырыңыз.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Көпшілік үшін жұмбақ болған хобби-лердің бірі – ұшақ аулау. Иә, «балық аулау», «аң аулау» деген ермектерден бөлек ұшақты да «аулайтын» хоббидің түрі бар. Аулаудың осы бір түрін бірінші рет оқып отырған боларсыз?! Хоббидің ресми атауы – «споттинг» немесе «плейнспоттинг». Ағылшынның «to spot» – «көру», «тану» деген сөзінен шыққан. Ал «plane» дегеніміз – ұшақ. Қарапайым тілмен айтқанда, споттинг – ол ұшақтарға қарау, оларды бақылау, суретке және бейнетаспаға түсіру.

Өмірде авиацияға қатысты барлық нәрсе-ге қызығушылық танытатын адамдар болады. Олар әуеде ұшып бара жатқан, жерге қонуға жақындаған немесе әуеге енді көтеріле берген ұшақтарды суретке, бейнетаспаға түсіріп, әлеуметтік желідегі парақшасына жиі жүктейді. Қысқасы, «ұшақ аулау» деп осындай іспен шұғылдануды айтамыз. Қолыңызда ұялы телефоныңыз болса жеткілікті. Егер авиацияға, әуе кемесінің қозғалысына, ұшқыштардың қызметіне сырттай қызыға қарап жүрсеңіз, сіз де «ұшақ аулаушы» бола аласыз. Бастысы, түсірген дүниеніз сапалы шықса болғаны.

Бізге беймәлім болған қызығушылықтың бұл түрі әлемде, әсіресе, дамыған елдерде өте кең таралған. Ең заманауи, әрі ең қызықты хоббилердің бірі саналады. Қазір қалта телефоны мен фотоаппараттардың сапалы үлгісі шыққан сайын зеңгір көкте ұшып бара жатқан ұшақты тым жақыннан таспалауға болады.

Жалпы, споттинг екі мағынада қолданылады. Біріншісі – ұшақтарды бақылаумен, олардың есебін жүргізумен, ал екінші мағынада ірі қозғалыс құралдарын барлаумен,



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

андумен айналысу. Споттингтің екі түрі болады: плейнспоттинг және трейнспоттинг. Бірақ нағыз споттер болу үшін ұшақтарды суретке немесе бейнеге түсіру жеткіліксіз. Ол сондай-ақ, ұшақтардың типін, борттық және сериялық нөмірін, рейсі мен қай әуекомпанияға тиесілі екенін жақсы білуі керек.

Споттинг XX ғасырдың 80-жылдарында әлемдік деңгейге көтерілді. Кеңестік кезеңде споттерлер ұшақтарды алыстан және үлкен ракурспен түсіретін. Қазірдің өзінде, www.flightradar24.com сайтында онлайн-режимінде әуедегі ұшақтардың қозғалысын бақылай аласыз. Күн сайын шамамен, 12 мыңға жуық тіпті, одан да көп әуе кемесі ұшады. Дәл қазір де әдемі сәтті қалт жібермейтін ұшақ аулаушылар телефоны мен фотоаппараттарын алып, ұшақ аулап жатыр. Ең қызығы, дамыған елдерде кейбір қалалардың әуежайларында споттерлер үшін арнайы алаңқайлар ашылған. Тіпті, танымал әуекомпаниялар ресми споттингтер өткізіп тұрады.

Қазақстандағы ең алғашқы ресми споттинг 2011 жылы сәуір айында Air Astana әуе

компаниясының ұйымдастыруымен Алматы халықаралық әуежайында өтті.

Біз осы мақаланы дайындау барысында әуесқой споттерді іздеп таптық. Алматылық бойжеткен Арайлым Болатқызы шет елге жиі саяхаттайды. Оған әуежайдағы ұшақтарды және ұшақ терезесінен суретке түсірген ұнайды. Ол бізге өзі білетін қызықты деректерді айтып берді.

«Споттинг, яғни ұшақ аулау бізге қарағанда, батыс елдерінде жақсы дамыған. Споттердің негізгі түсірілім орны – әуежай немесе шағын аэродромдар. Өзім шетелдік споттерлер жазатын сайттарды оқып отырамын. Жалпы, ұшақ аулаушылар көбіне ұшақтың қонған сәтін түсіргенде ұнатады. Сондықтан әуежайдағы ең лайық орын – ұшу-қону жолағының маңын тандайды. Жоғары жылдамдықпен қонайын деп жатқан ұшақты сапалы суретке түсіру үшін тәжірибе қажет. Споттерлер хоббиін кәсібіне айналдырған. Жергілікті әуежайда түсіру үшін басқа қалаларға, тіпті елдерге барады. Әуежай сайттарынан алдын ала

ақпарат алады. Ұшақтардың ұшу-қону уақытын біліп, суретке түсіруге рұқсат алу үшін өтінімдерді дайындаған дұрыс. Flightradar24 бағдарламасы көмекке келеді, ол қай лайнер ұшып, қонатынын көрсетеді. Споттерлердің дені әдемі бауырлары бар, ерекше ұшақтарды «аулайды», – дейді Арайлым.

Тағы бір керек ақпарат, егер ұшақ тұрақта тұрса, онда смартфон да, кең бұрышты линзасы бар камера да қолайлы. Жерде қонып тұрған ұшақты да кез келген ракурста түсіру споттинг бойып саналады. Ал ұшақ қозғалыста болса, ұзақ қашықтықты түсіруге арналған аппараттарды пайдаланған жөн. Сондай-ақ, споттерлер үшін ең қолайлы сәт – күн шығудың және батудың алды-артындағы бір сағат уақыт.

Егер ресми споттингке барсаңыз, төлқұжатты ұмытпаған жөн. Қазіргі таңда Қазақстан споттерлерінің басым көпшілігі – Алматы қаласында. Олардың арнайы клубтары да бар. Ал дамыған елдердің әрбір қаласының өзінде мыңдаған ұшақ аулаушы бар.